Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 22 (1077)

10.06.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

НЕГЕ?

РЕФЕРЕНДУМҒА БАРМАДЫМ

РЕСМИ ДЕРЕК КӨЗІНЕ СҮЙЕНСЕК, КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӨТКЕН РЕФЕРЕНДУМҒА 7 МЛН. 985 МЫҢ 769 АДАМ ҚАТЫСҚАН. БҰЛ – РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АДАМДАР САНЫНЫҢ 68,05 ПАЙЫЗЫ. РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСҚАН АЗАМАТТАРДЫҢ 77,18 ПАЙЫЗЫ НЕМЕСЕ 6 МЛН. 163 МЫҢ 516 АДАМ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУЛЕРДІ ЖАҚТАП ДАУЫС БЕРСЕ, 18,66 ПАЙЫЗЫ НЕМЕСЕ 1 МЛН. 490 МЫҢ 477 АДАМ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРГЕН.

Дей тұрғанмен науқанды бақылаған тәуелсіз байқылаушылар өз учаскелерінде референдумға қатысушылар әлдеқайда аз болғанын айтыпты. Талдықорған қаласындағы «Шығыс» шағын ауданының тұрғыны Бақыт ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ референдумға барып, өз даусын бергісі келгенімен, сайлаушы ретінде тізімге енгізілмеген.

– Референдумға қатыспадым. Себебі сайлаушылар тізімінде жоқпын. Мен ғана емес, үйдегі жолдасым да ілікпеген. Алдыңғы сайлауларда да осылай болған еді.

Осы орайда өзіміз тұратын аумақтағы мектептің қабылдау бөліміне хабарластық, ол кісілер call – орталықтың нөмірін берді. Берген нөмір бойынша хабарласқан едім ол жақ тізімді тексеріп өздері хабарласатындарын айтты. Бірақ сол беті жауап жоқ. 3 маусым күні мектепке барып, учаскеге кіріп аты-жөнімізді, ЖСН нөмірімізді айтып, «Неге тізімде жоқпыз?» деп сұрадық. Ол жердегі қызметкерлер себебін білмейтінін айтып, өтініш жазу керектігімізді мәлімдеді.

Қазақстан Республикасының салық төлеуші азаматы ретінде Референдум сайлауының тізімінде неге жоқпыз? Бұл сонда Отанымызға керек емеспіз деген сөз бе? Салық төлеуге келгенде бізді қайдан болса да тауып алады. Ал мына жағдайда неге іздемей, таппай қалды. Неліктен тізімге енгізбегенін түсінбеймін.

Дамыған мемлекетпіз дейміз, алайда, тізімге ену үшін неге мен өзім барып өтініш жазуым қажет? Жастардың болашағы жарқын болсын деген ниетпен сайлауға қатысып, өз дауысымды берзім келген. Тіпті, бір отбасынан бір адам қатысса, яғни, бір мүшесі барса да болар еді. Ал мына жағдайдан кейін менің көңілім қалды. Неге десеңіз, барлық адамның ұялы телефонына сайлау учаскелері бойынша сілтемесі хабарлама арқылы жіберілген. Маған хабарлама келгенімен, ЖСН нөміріммен тексергенде, сайлау учаскесі мүлдем шықпады. Тіпті, Алматы облысы бойынша тізімде жоқ болып шықтық. Бірақ осы қаланың тұрғыны ретінде тіркелгенбіз (пропискада), осы аймақта тұрып келе жатқанымызға 35 жыл болды. Біздің тізімге енбей қалуымыздың себебі бар ма?!

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

АҢДАТПА

РЕФЕРЕНДУМ — 3 стр.

ПОДВЕДЕНЫ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ — 4-бет

МҰҚЫРЫҒА БАРЫП, МҰҚАЛЫП ҚАЙТТЫҚ

БІЛІМ — 7-бет

ШӘКІРТ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ ЖЕМІСІ

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ? — 8-9-бет

МАТАЙДАҒЫ МАЙТАЛМАН ДӘРІГЕРЛЕР

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РЕФЕРЕНДУМ-2022

ҚОЛДАДЫҢЫЗ БА, ӘЛДЕ ҚАРСЫ ДАУЫС БЕРДІҢІЗ БЕ?

ТАҢ АТЫСЫМЕН БІР ЕМЕС, БІРНЕШЕ РЕФЕРЕНДУМ УЧАСКЕСІНДЕ БОЛЫП, ОНДАҒЫ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БАҚЫЛАП ҚАЙТТЫҚ. ДАУЫС БЕРУ УАҚЫТЫ БАСТАЛҒАННАН-АҚ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ БОЛДЫ. РАСЫНДА ХАЛЫҚТЫҢ АТА ЗАҢҒА ДЕГЕН, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ШЕШІМІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ ӨТЕ ЕРЕКШЕ ЕКЕНІ КӨҢІЛДІ ҚУАНТТЫ.

Заңға сәйкес таңғы сағат 7-де Талдықорғандағы барлық аумақтық және учаскелік комиссиялар өз жұмыстарын бастады. Дауыс беру барысында ешқандай олқылықтар мен заң бұзушылықтар байқалған жоқ. Учаскеге келушілер қарасы көп болып, дауыс беретін орындар сайлаушылардың еш кедергісіз өз таңдауын жасауларына барынша мүмкіндік жасады.

Дауыс беруге келген жұртшылық заң жобасында баяндалған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген сауалға жауап беріп, мемлекет келешегінің даму жолын айқындады.

Фариза БАЙЫСОВА, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, тәуелсіз байқаушы: – *Сайлаушылардың дауыс беруге қалай қатысып жатқандықтарын көру үшін байқаушы болып келіп отырмыз. Осыған дейінгі елмен кездесулерде жаңа қабылданатын заң құқықтарына, өзгертілетін баптарына олардың қызығушылығы өте жақсы екенін байқаған едік. Дауыс беруге келіп жатқан халықтың белсенділігіне қарап қуанып қалдым. Бұрын да сайлауға бара жатқанда әндетіп, тойға бара жатқандай көңіл-күйде болатын едік, осы көріністі қазіргі сайлаудан да байқап отырмын.*

Ендеше, бәріміз бірге Жаңа Қазақстанды құруға ат салысып, еліміздің кемелденуіне күш салайық.

Болатбек БИСҰЛТАНҰЛЫ, Ардагерлер кеңесінің мүшесі, тәуелсіз байқаушы: – *Дауыс беру учаскесіне таңғы сағат 7-де келдім. Керемет көңіл-күймен салтанатты ашылу болды. Барлығы біркелкі ұйымшылдықпен өтті. Бұрындары да сайлауға байқаушы ретінде қатысқанмын. Бұл референдум бұрынғыға қарағанда шынайы, белсенді өтті.*

Бұл жақсы бастама, еліміз үшін тарихи оқиға, ендігі болашағымыз жарқын болады деген сенімдемін. Байрағымыз көкте еркін желбіреп, іргеміз берік болсын.

Марат АБИЛДЕНОВ, қала қонағы: – *Жетісу өңірінің тумасы болғаныммен қазіргі уақытта Алматы қаласында тұрамын. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде елдің болашағынан зор үміт күткендіктен, осы қаладағы учаскеге келіп, өз таңдауымды жасап тұрмын. Сайлау учаскесінде жүрген қызметкерлерге рахмет, өз жұмыстарын тыңғылықты атқарып, халыққа жағдай жасауда. Менің де аты-жөнімді жазып тіркеп, дауыс беруіме мүмкіндік берді.*

Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеретін заңдарға байланысты өз ойымды айтсам. Мәселен, өлім жазасын мүлде алып тастауға келіспеймін. Себебі қоғамда зорлық-зомбылық жасау көбейіп кетті. Сондай ауыр қылмыс жасайтындарға бұл жаза керек деп есептеймін. Ал, жалпы референдумнан өте көп өзгерістер күтемін. Қазақ тілін жоғары деңгейге қоюмыз қажет деп санаймын. Барлық мекемеде қазақ тілін ғана қолданған дұрыс шешім болар еді. Сонда ғана қазақ елі болып қалыптасып, кейінгі ұрпақ орысша араластырмай, таза қазақша сөйлер еді.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастап жатқан бұл ісі – әлі бастамасы ғана деп ойлаймын. Алла қаласа мұның арты жақсы боларына сенемін. Осындай батыл қадамдар жасалып және халық қолдау көрсете білсе, біз нағыз Жаңа Қазақстанды құрамыз деген үміттемін. Барлығы жастардың қолында.

Таңғы сағат 7.00-де басталған сайлау науқаны 20.00-де аяқталды. Дауыс беруге келген сайлаушылар белсенділігі жоғары болды. Мәселен, біз кірген №1002 сайлау учаскесінің сайлау төрайымы Айнагүл Әділғазықызының мәліметінше, жалпы дауыс берушілер саны 2474 адам болса, оның ішінде 1534 өз таңдауын жасады. Бұл сайлау мекемесінің алғашқы сайлаушылары 77 және 75 жастағы екі қарт кісі болды, олар таңғы 6.30-да келіп дауыс беріп, мемлекет тарапынан сыйлықтарын алды.

«Үйтас» саяжайы мен «Новостройка» шағын аудандарына қарасты №1003 сайлау учаскесінің төрайымы Асия Ізтайқызының сөзінше, жалпы саны 2499 адам дауыс беруге құқылы болса, оның 1549-ы келіп сайлау науқанына қатысқан. Алғашқы сайлаушы 18 жасар бала таңғы 6.45 келіп, сыйлыққа ие болыпты.

Ал, №989 сайлау учаскесінің төрағасы Қайрат Төлепбергенұлы бұл күні жалпы саны 1900 адамның ішінен 1526 адам келгенін айтты. Сайлау барысында дауыс берушілер 83 пайызды құраған. №984 сайлау учаскесінің төрайымы Жанар Сансызбаеваның мәліметінше, 2648 адамның 1642-і келіп дауыс берсе, №986 сайлау учаскесі бойынша жалпы саны 2461 сайлаушының 1526-ы өз таңдауын жасаған.

№979 сайлау учаскесін бойынша 2066 адам дауыс беруге құқылы болса, сайлауға келгені 1512 адам.

А. НҰРЖАПАР.
А. БЕКМОЛДИНА.

БІЛІМ

МЕКТЕП ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ ЖЕҢІСІ

Бүгінгі таңда елдегі білім беру жүйесіндегі ең басты негізгі қадам – жаңартылған білім беру мазмұнына көшу. Білім беру концепциясы, құндылықтар жүйесі өзгергені баршаға белгілі. Сол үшінде мұндай өзгерістерді қабылдап, жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беріп қана қоймай заман талабына сай жан-жақты дамып, ізденіп жұмыс істеу біздің басты міндеттің бірі.

«Білім – теңіз, мектеп – кеме». Бұл ата сөздің мағынасы тым терең. Жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруде «Алматы облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 орта мектеп» коммуналдық мекемесі мұғалімдерінің атқарған жүйелі жұмыстары, нәтижелі еңбектері көңіл қуантады. Ляйля Байсова басшылық ететін білім ордасының оқушылары білімді әрі дарынды. Білімге құштар жалынды жастар 2021-2022 оқу жылында біршама жетістікке жетіп, биік белесті бағындырғанын зор мақтанышпен айта аламыз. Алайда шәкірт жеткен әрбір жеңістің соңында ұлағатты ұстаздың қажырлы еңбегі тұратыны ақиқат.

Мектебіміздің дарынды шәкірттері облыстық «Дарын» байқауына қатысып, физика пәнінен Никита Грибанов, Богдан Рубан 1 орынды, информатика пәнінен Александр Овчинников 2 орынды иеленіп мектеп абыройын асқақтатты. Ал облыстық «Пезиденттік олимпиадаға» математика пәнінен Аққөркем Ниязова қатысып 2 орын, облыстық «Алтын сақа» олимпиадасында математика пәнінен Мақсат Майхан 2 орынды иеленді. Мектеп мақтаныштары Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде құқықтану пәнінен Кира Тарасенко мен биология пәнінен Анастасия Тюленева 3 орынды иеленді. Облыстық «Үздік IT құрастырушы» байқауынан Александр Овчинников 2 орын, Махмудов Платон 3 орыннан көрінді. Қалалық «Зерде» байқауында информатика пәнінен Али Мұрат, Расул Жақсылықов, биология пәнінен Али Берікханов 3 орынмен марапатталды. Әр баланың жеке дарынын аша білуде мектептегі әрбір ұстаздың қосқан үлесі зор. Оған 5-6 сынып оқушылары арасындағы Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 10, 9-11 сынып оқушылары арасында 14, «Кенгуру – математика барлығы үшін» 1-11 сынып оқушылары арасында халықаралық ойын конкурсында мектеп бойынша 36 жүлделі орындардың болуы дәлел. Қалалық «Алтын түлек» олимпиадасында Нұрай Ойратқызы, Аяулым Қуантаеваның 2 орын алуы ұстаз еңбегінің ақталғанына дәлел.

Ақынын ардақтаған елдің болашағы жарқын болары анық. Білім ошағындағы әрбір шәкірт қазақтың маңдайына біткен қаламгерлерінің өлең-жырларын сүйіп оқиды. Тіпті, қалалық «Мұқағали оқуларына» мектебіміздің намысын қорғап, қатысқан Шынайы Тлеужанова 3 орын, «Іляс оқуларынан» Ділназ Еркінова 3 орын алса, «Абай оқуларына» қатысқан Ақерке Қасен 2 орын алып, көптің алғысына бөленді.

Ұрпақ тәрбиелі, білімді, білікті болуы үшін ең бірінші ұстаздың жан-жақты болуы аса маңызды. Біздің мектеп кілең бүгінгі заман ағымына сай мұғалімнен құрылған десем артық айтқандық болмас. Біздің бір ғана мақсатымыз бар. Ол – бүгінгі жасөспірімдерді ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, елін сүйген, елі сүйген ұрпақ етіп тәрбиелеп, сапалы білім беру. Осы жолда ешкім аянып жатпағаны белгілі. Мәселен, мектебіміздің директоры Байсова Ляйля Жанатқызы және орынбасары Разбаева Рима Ешенханқызы облыстық «Коллабративті басшылықты жүзеге асырудағы жетекші мектеп тәжірибесі» атты стенд-сессиясында II орын иеленіп, жас мамандарға үлгі-өнеге көрсетті. Облыстық «Жас математик» байқауында өзінің білімділігі мен біліктілігін көрсеткен Мөлдір Досжанова сертификат алып, облыстық «Жетістік марафоны» байқауында Наталья Ким 2 орыннан көрінді. Жыл сайын өткізілетін қалалық «Үздік дене шынықтыру пәнінің мұғалімі» байқауында мектебіміздің мұғалімі Батыржан Тлеуғабылов өзінің мықты маман екенін дәлелдеп, мектеп абыройын көтеріп, 1 орынды қанжығалады. Қалалық «Ыбырай Алтынсарин» олимпиадасына қатысқан Марина Пен 2 орын, «Тәуелсіз елдің ұрпағымын» атты қалалық телеэссе байқауында Айдана Сағынғанова 3 орын алса, қалалық «Үздік сынып жетекшісі» байқауында Құралай Сүлейменова «Ізденімпаз жетекші» номинациясына ие болды. Қалалық «Кеңесары хан – ерлік дәуірінің тұлғасы» үздік ықшам сабақтар байқауында Гүлсім Иманалиноваға Алғыс хат табыстады. «Тәуелсіздік және халық мұрасы» атты байқауда Әсел Курункуева 3 орын алды. Сондай-ақ қалалық «Педагогикалық тандем» байқауында Әсел Куркункуева мен Аблмажинова Ақмарал «Шығармашыл тәлімгер мен жас маман» номинациясына ие болды. Қалалық «Үздік жыл мұғалімі» байқауында Нұргүл Баймұханбетова Алғыс хат алса, қалалық «Педагогикалық оқуларында» Саулеш Бақтыбаева I орын, Т. Крижевская, Нұргүл Баймұханбетова Алғыс хатқа ие болды. Қалалық «Үздік бастауыш мұғалімі» байқауында Айзада Жекенова Алғыс хатпен марапатталды. Ұстаздардың белсенді іс-тәжірибелерімен бөлісуінің дәлелі ретінде 2022 жылдың наурыз айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім алушылардың оқу құзіреттілігін арттыру арқылы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинарда өз іс-тәжірибесімен бастауыш сынып мұғалімдері бөлісті. Сонымен қатар мектебімізде «Алау» және «Лидер» дебат клубтары жұмыс істейді. 2022 жыл – Балалар жылына орай ұйымдастырылған «Бақытты бала – болашақ кепілі» қалалық пікірсайыс турнирінде мектеп оқушыларының «Алау» дебат клубының бірінші спикері Әйгерім Аскеркелді және «Лидер» дебат клубының бірінші спикері Марина Лебедева DEBAT STAR номинациясы бойынша Алғыс хатпен марапатталды.

Мұғалім – мектеп жүрегі. Ол алдына келген әрбір шәкірттің ертеңгі жарқын болашағы үшін өз уақытын аямай, өзгенің уақытын аялап, білім нәрімен сусындатып, жеке тұлға болып қалыптасуына көп еңбек сіңіреді. Ал сол еңбектің нәтижесін білімді, дарынды шәкіртер көрсетеді. Біздің мектепте дәл біз тілге тиек еткен ұлағатты ұстаз да, білімді, дарынды шәкірт те көп. Бүгінгідей заңға емес, сапаға қызмет ету жолында мұғалімнің жаңа ғасырға берер жауабы дайын болу керек. Өйткені талабы күшті қоғамның ағысы қатты болатыны ақиқат. Ал сол ағысқа қарсы шәкіртті дайындау бізге артылған жауапкершілік. Ал сол міндетті адал әрі нәтижелі атқару біздің азаматтық парыз. Мұғалім білікті, ұрпақ білімді болған елдің болашағы жарқын, келешегі кемел болатынын ұмытпайық.

Сәулет ӘБІШЕВА,
Алматы облысы
«Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №2 орта мектеп КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

В НОВОМ КАЗАХСТАНЕ НЕ ДОЛЖНО БЫТЬ МЕСТА...

Глава государства в своем видеообращении к народу Казахстана заявил, что в новом, справедливом Казахстане не должно быть места полицейскому произволу, некомпетентным прокурорам и предвзятым судьям, об этом сообщается в Telegram-канале «Борт № 1».

«Нам необходимо пересмотреть законодательство, которое способствовало концентрации экономических ресурсов страны в руках узкой группы лиц и предоставило им излишние преференции.

В соответствии с моим Указом создана Межведомственная комиссия по возврату незаконно выведенных из страны финансовых средств, а также возврату в государственную собственность незаконно приватизированных активов.

Мы продолжим наш курс на комплексное усиление системы защиты прав и свобод человека. В рамках правовой реформы будет воссоздан Конституционный суд.

Необходимо внедрить механизм оперативного реагирования на его постановления, чтобы граждане ощутили пользу от деятельности данного очень важного института. В Новом, Справедливом Казахстане не должно быть места полицейскому произволу, некомпетентным прокурорам и предвзятым судьям. Об-щество ждет от правоохранительной и судебной систем реальных изменений. Конкретные решения по этим и другим вопросам развития страны я представлю в своем выступлении на открытии очередной сессии Парламента в сентябре текущего года», – сказал глава государства.

ПЕРВОЕ ЗАСЕДАНИЕ КУРУЛТАЯ ПРОЙДЕТ В УЛЫТАУ

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем обращении к народу Казахстана рассказал, где пройдет первое заседание национального Курылтая, передает корреспондент NUR.KZ.

Глава государства отметил, что укрепление независимости, национального единства и общественного согласия — наша главная задача.

«Эти реформы были сделаны не зря. Все это мы делаем для того, чтобы создать новый, справедливый Казахстан. Наши предки решали важный вопрос на совете. Я возродил эту традицию и стал инициатором создания Национального курултая. Первое заседание Курултая пройдет в Улытау. Таким образом, возможности граждан участвовать в государственных делах будут расширяться. На самом деле судьба нашей страны находится в руках каждого из нас», – отметил Президент.

При этом, он отметил, что главное богатство нового Казахстана – это люди. И главная цель – обеспечить счастливую жизнь граждан.

«Каждый гражданин должен видеть плоды политических перемен и экономического роста. Сухие обещания и пустые слова ни к чему не приводят. Для меня самое главное – это реальные действия и реальные изменения. Я сделаю все возможное, чтобы достичь этой цели», – резюмировал Касым-Жомарт Токаев.

РЕФЕРЕНДУМ

ПОДВЕДЕНЫ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ

КАЗАХСТАНСКАЯ ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА ОЗВУЧИЛА ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ИТОГИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО РЕФЕРЕНДУМА, ПЕРЕДАЕТ СЕГОДНЯ, 6 ИЮНЯ, TENGRINEWS.KZ.

«По состоянию на 08.00 (05.00 мск) 6 июня завершился подсчет голосов на 10012 избирательных участках во всех регионах страны и за рубежом. Голосование по конституционным поправкам носило всенародный характер. В соответствии со статьей 31 Конституционного закона „О республиканском референдуме", если в голосовании приняло участие более половины граждан, имеющих такое право, референдум считается состоявшимся. Изменения в Конституцию, вынесенные на референдум, считаются принятыми, если за них проголосовало более половины граждан, принявших участие в голосовании, не менее чем в двух третях областей, городов республиканского значения и столицы», – сообщил на брифинге председатель Центральной комиссии референдума Нурлан Абдиров.

По предварительным данным, за проголосовали 77,18 процента граждан. Против поправок – 18,66 процента. 2,58 процента бюллетеней признали недействительными. 1,58 процента бюллетеней не учли при подсчете голосов.

Из 11734642 граждан, обладающих избирательным правом, проголосовали 7986293 человека. Явка составила 68,06 процента.

«Число бюллетеней, в которых были выбраны оба варианта ответа, то есть признаны действительными, однако не учитываются по закону, при подсчете голосов составило 1,58 процента, или 125859 бюллетеней. Остальные бюллетени, а это бюллетени неустановленного образца либо в которых невозможно определить волеизъявление голосовавших, признаны по закону недействительными. Число таких бюллетеней составило 2,58 процента, или 206096 бюллетеней», – пояснил Абдиров.

Территориальные избирательные комиссии в течение двух дней после подсчета голосов по закону должны доставить оригиналы протоколов по каждому региону. После этого итоги республиканского референдума будут установлены на заседании ЦРК.

5 июня в Казахстане прошел республиканский референдум по поправкам в Конституцию.

В бюллетене был всего один вопрос: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан изложенные в проекте закона «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан». Всего предлагалось 56 поправок.

Чтобы референдум состоялся, в нем должны принять участие более половины граждан, включенных в список участников. Порог явки был достигнут по данным на 14.00 (11.00 мск).

НОВЫЕ ОБЛАСТИ

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ УКАЗА ПРЕЗИДЕНТА ОБ ОБРАЗОВАНИИ ОБЛАСТЕЙ АБАЙ, ЖЕТІСУ И ҰЛЫТАУ В КАЗАХСТАНЕ УТВЕРДИЛИ В ПРАВИТЕЛЬСТВЕ, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА PRIMEMINISTER.KZ.

ПЛАН ПО СОЗДАНИЮ

новых областей утвердили в правительстве

План мероприятий включает в себя меры по:

установлению границ новых областей;.

созданию территориальных органов центральных государственных органов;.

утверждению лимитов штатной численности центральных и местных исполнительных органов;.

принятию разделительного баланса по бюджету между вновь созданными областями;.

вынесению расходов на уточнение и формирование республиканского бюджета в рамках образования областей и другие.

Как отмечается, принятие плана позволит обеспечить реализацию необходимых мероприятий для функционирования государственных органов во вновь созданных и реорганизованных областях. Реализация проекта не потребует финансовых затрат из республиканского бюджета.

«Первый заместитель премьер-министра Роман Скляр провел ряд выездных совещаний в новые областные центры, в ходе которых были оценены готовность и потребности регионов в приобретении, аренде и проведении ремонта необходимых административных зданий», – говорится в пресс-релизе на официальном информационном ресурсе премьера.

Уточняется, что, согласно анализу, в новых областных центрах имеется готовность по административным зданиям, необходимым для размещения и функционирования государственных органов и работников.

16 марта, выступая с Посланием народу Казахстана, Президент страны Касым-Жомарт Токаев предложил образовать Абайскую область с центром в городе Семее. Еще одной инициативой Токаева стало создание на территории бывшей Жезказганской области Улытауской области.

Кроме того, Президент предложил разделить Алматинскую область на две части – Жетысускую и Алматинскую области. Центром Алматинской области должен стать Капшагай, а центр Жетысуской области будет расположен в Талдыкоргане. Позже ономастическая комиссия единогласно одобрила названия новых областей в Казахстане.

Таким образом, после появления новых областей Казахстан будет административно состоять из 20 территориальных единиц: 17 областей и трех городов республиканского значения.

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

ХОТЯТ ПРИДАТЬ СТАТУС НАСЕЛЁННЫХ ПУНКТОВ

В Алматинской области собираются разработать механизм придания дачам и садоводческим товариществам статуса населенных пунктов. Дачам в Алматинской области хотят придать статус населённых пунктов. Об этом заявил аким региона Канат Бозумбаев на встрече с жителями Енбекшиказахского района, передаёт BaigeNews.kz.

В Алматинской области собираются разработать механизм придания дачам и садоводческим товариществам статуса населенных пунктов. Об этом заявил аким региона Канат Бозумбаев на встрече с жителями Енбекшиказахского района, передаёт BaigeNews.kz.

Новый механизм позволит решить наболевшие вопросы жизнеобеспечения для более 183 тысяч человек, проживающих в Алматинской агломерации.

Глава «Отбасы банка» спрогнозировал замедление темпов роста цен на жилье в Казахстане

В регионе имеется 705 дачных массивов, в 189 из них постоянно проживают люди.

Канат Бозумбаев сообщил, для того, чтобы дачники имели необходимую инфраструктуру – школы, детские сады, больницы, дороги, уличное освещение, централизованное водо - и газоснабжение необходимо сначала решить вопрос придания им статуса населенного пункта. Ведь, согласно казахстанскому законодательству, вкладывать бюджетные средства местная исполнительная власть может только в развитие сельских и городских территорий, а не дачных кооперативов.

«Об этой проблеме я докладывал Президенту, главе правительства. Необходимая поддержка и одобрение получены. Сейчас каждому району выделяем в районе 500−700 миллионов тенге для корректировки генпланов и последующей разработки планов детальной планировки. Думаю, что в этом году трудоемкую работу над генпланами закончим. В следующем году займемся ПДП. Затем будем подавать бюджетную заявку для получения средств из республиканского бюджета, также из местного бюджета будем выделять», – сказал аким.

Он считает, что в течение двух-трёх лет дачи получат статус населённых пунктов.

«Думаю, что это вполне терпимые сроки, учитывая то, сколько времени эта проблема не находила никакого существенного решения», – заключил Бозумбаев.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Мұқырыға барып, мұқалып қайттық

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ҚҰРАМЫЗ ДЕП ЖАНТАЛАСЫП ЖАТЫРМЫЗ. КҮНІ КЕШЕ ҒАНА РЕФЕРЕНДУМ ӨТТІ. НӘТИЖЕ ЖАМАН ЕМЕС. БЕЛУАРДАН БЫЛЫҚҚА БАТҚАН БІР АДАМНЫҢ МҮДДЕСІНЕ ҒАНА ОТЫЗ ЖЫЛ БОЙЫ ҚЫЗМЕТЕТІП КЕЛГЕН КОНСТИТУЦИЯ ЖАҢАРАДЫ. БҰЛ ҚАЛЫҢ БҰҚАРАНЫҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒЫП ТҰР. СОЛ ӨЗГЕРІС ТЕК АТА ЗАҢМЕН ШЕКТЕЛІП ҚАЛМАСА КЕРЕК. АДАМДАРДЫҢ САНАСЫ ДА ӨЗГЕРУІ ҚАЖЕТ. ӘСІРЕСЕ, ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАП, ҚАЛЫҢ ОТАРДЫ БАСТАП ЖҮРГЕН СЕРКЕЛЕР ІСПЕТТІ АТҚАМІНЕРЛЕРДІҢ БҮЙРЕГІ ХАЛЫҚҚА БҰРЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛДІ. ОЛ ҮШІН ӘКІМ-ҚАРАЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІ САУАТТЫ, ОЙЫ ҰШҚЫР, СӨЗГЕ ШЕШЕН, КӨПТІ АЙРАНДАЙ ҰЙЫТА БІЛЕТІН КӨСЕМ БОЛУЫ ШАРТ.

Алайда біздің шенді-шекпенділердің ой-өрісі жоғары деңгейден көріне бермейді. Іске мығымдарының өзі некен-саяқ. «Үстінен бөзі, аузынан сөзі» түсіп, өздерін Құдай санайтындар халықты қолбалаға айналдырып, қорқытады, үркітеді. «Көп қорқытады, терең батырады» деген тәмсілді шенді-шекпенділер кері түсініп алған. Ел алдына шыққанда қағаздағы баяндамадан бас алмайды. Оның өзін қоймалжың ботқа жасағандай, залда тоқсан пайыз қазақ отырса да шалақазақша шатып-бұтады. Төле Би бабаның «Әкім бол, халыққа жақын бол» деген өсиетін әкімдер қаншалықты жадына түйіп жүр.

Біздің «Алатау» қоғамдық-саяси газеті бұған дейінде «Әкімдер келеді, кетеді». «Әкімдер неге әкіреңдеп жүр» деген мақалалар жариялаған. Бұл үрдіс әрі қарай да жалғасады. Референдум қарсаңында ауыл-әкімдерінің білім-біліктілігін пайымдау мақсатында Көксу ауданы Мұқыры ауылына бардық. Несін жасырайық, жадырап барып, жасып қайттық.

Облыстың іргесінде тиіп тұрған Көксу ауданынан бастауымыздың өзіндік себебі бар. Көксу демекші, сонау 1978 жылы Талдықорған өз алдына облыс болып тұрғанда Құдайдай табынған Ленин көсемнің құрметіне облыстық айтыс өткен-ді. Көксу ауданының ақыны Кәден Балғынбаев пен Гвардия ауданының ақыны Тоқтағұл Жарбасов айтысқан еді. Сонда күреңбелдік ақын:

«*Бар екен автовакзал базарыңмен,*
Көп жүрген ары-бері қазағың ем,
Қаптаған қарақұрым машинаңыз,
Кездестіре жаздап жүр ажалыңмен» деп, сын айтқаны бар еді. Сол дәуірден бері көлік көбеймесе, азайған жоқ. Автовокзал мен қара жолдың бойы, сауда үйлері мен базардан әлі көз ашпай тұр. Тоғыз жолдың торабында орналасқан ауданның Мұқыры ауылы – үлкен ауыл. Үш мыңнан астам халқы бар. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, дала академигі атанған Нұрмолда Алдабергенов көсегесін көгерткен ауылдан халық ақыны Қалқа Жапсарбаев, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, халық театрын құрған режиссер Жақып Әбілтаев, халық театрын қайта құрған Нұри Сүлейменов, Мұхамедқанапия Жарқынбаев, Бағдагүл Атамбаева, Бақыт Талипова, қоғам және мемлекет қайраткері Серік Ақымбеков сынды саңлақтар шыққан ауылда, ауыл әкімі Жұмағылов Жандос Елтайұлы Президент Жолдауын ауыл тұрғындарына насихаттау мақсатында қандай жұмыстар атқарып жатқанын білмек болдық. Алдын ала баратынымызды аудан әкімдігіне де, ауыл әкімдігіне де айтпадық. Азанда барып ауыл әкімін жұмыс орнынан таптық. Келген мақсатымызды айттық. Әуелі әкімнің өзімен жеке сөйлесіп сауалдарымызды қойдық. Көңіліміз көншімеді. Тіпті, Жандос Елтайұлы Президент Жолдауының қай кезде шыққанын ұмытып қалғанын айтты. Ұмытпағанда қайтеді, Жолдаудың атауларында білмесе. Оның атаулары Абайдың тілімен айтқанда «Тілге жеңіл, жүрекке жұмсақ», жаңару мен жаңғыру жолына түскен «Жаңа Қазақстан» деп аталады.

«*Ауылдағы Мәдениет үйінде дөңгелек үстел, кітапханада жиын болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтің Жолдауын жүзеге асыру мақсатында халықты таныстырып, бағыт-бағдар беріп, барлықтарыңыз бір ауыздан келіңіздер деп жатырмыз. 1995 жылы болған Референдум араға 17 жыл салып енді қайта өтпек. Соны түсіндірдік, халық та түсініп қолдау көрсетуде. Қазір «Жаңа Қазақстан» деп айтылып жатыр өздеріңізге мәлім. Енді «Жаңа Қазақстан» болады деп үміттеніп жатырмыз*», – деген ауыл әкімінің сөзі тарыдай шашырады. Жандос әкімнің іскерлігі де, шешендігі де шала пісіп, қарпылмай қалған киіз сияқты көрінді. Өмірбаянына қарасаң, 1986 жылы 13 сәуірде Мұқыры ауылында дүниеге келген. Орта мектепті тәмамдап, 2007-2010 жылдары Талдықорған қаласындағы Ө.Жолдасбеков атындағы «Экономика және құқық» академиясында оқып, құқықтану мамандығын алған. 2010-2013 жылдары «АЖЖЕГ» шаруа қожалығының басшысы, 2011-2012 жылдары әскери борышын өтегеннен кейін 2013 жылы Көксу ауданының әкімі аппаратында инспектор, 2013 жылы Алматы облысы Жер қатынастары басқармасының инспекторы, 2014 жылы сол мекемеде жетекші маман, 2014-2017 жылдары Мұқыры ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2017-2021 жылдары Мұсабек ауылдық округінің әкімі, 2021 жылдың 15 қыркүйек айынан бастап Мұқыры ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді екен. Саяси сахнада пісіп жетілген кадр деуге тіліміз күрмеліп тұр. Тепсе темір үзетін жас. Ауылдың қара домалақ баласы қазақы сөздің қаймағын қалқып сөйлейтін жөні бар. Аудан әкімдігінде қызмет еткенін ескерсек іс-құжаттарына да мығым болуы керек еді. Ауыл округтерінің арасындағы **«Ауылды ақпараттандыруда насихат тобы сіздерде құрылды ма?»** деген сауалымызға: – «*Құрылды. Олар мектептегі мұғалімдер және ауыл әкімдігіндегі мамандар*» деп жауап берді. Ауыл әкімі ретінде өзіңіз бекіткен Президент Жолдауына байланысты жоспар, құжаттарды көрсетіңізші деп өтіндік. Алайда әкім Жандос Елтайұлы құжат көрсетуден құр алақан болып шықты. Ешқандай да атқарылған істі және ауыл әкімінің ұйытқы болуымен өткізілген жиындардың хаттамасын көрсете алмады. Өз қызметіне немқұрайлы қарағандығы тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Мәселен, Президент Жолдауына қатысты ауыл тұрғындарымен, кәсіпкерлермен, мектеп, емхана, кітапхана ұжымдарымен өткізілген іс-шараларға хаттама толтырылып, оған қанша адам қатысқанын, кімдер сөз сөйлегенін, тақырып аясы саяси ахуал ма болмаса айтулы тұлғалардың мерейлі шаралары ма хаттама толтырылуы керек. Бұл атқарылған жұмыстарды құжаттама ретінде айғақтайды. Ауыл әкімі бізге 2022-2024 жылдарға арналған «Ауыл Ел бесігі» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылатын Сәтбаев, Алтаев, Уәлиханов көшелерін жарықтандыру жобасын көрсетті. Мұның өткізілген іс-шараларға үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын, әкімнің өзі де біліп тұр. «Ұялған тек тұрмас» дегеннің керін жасап, «*Хаттамалар астындағы қыздарда»* деп, шаба жөнелді. Араға жарты сағат салып айналып кеп, аудандық ішкі саясаттың бекіткен іс-қағаздарын көрсетіп тұр. «Жоқ, осы секілді ауыл әкімінің де өзіндік бекіткен іс-жоспарлары болуы керек» десек, басы төмен салбырады. Елге үлгі көрсетеді, елдің тұтқасы деген ауыл әкімі өзі атқарған жұмыстарын ауызша айтып, құжат жүзінде рәсімдемесе, оны қалай дәлелдемек. Бір емес, екі бірдей ауылға әкім болған азамат бүгінгі қоғамның қағаз кеміріп жатқанынан мүлде бейхабар, аспаннан түскендей үндемейді. Әкім емес, сабақ оқымай, үй тапсырмасын орындамай келген нашар оқушы сияқты ұстады өзін. Қарапайым журналистен осыншама именеді, арнайы тексеру келсе не болады. Жалпы әкімдердің білім, біліктілігі туралы Мұқыры ауылдық округінің әкімі Жандос Елтайұлымен ғана шектелуге болмайды. Неше түрлі әкімдерді көрдік. Облыстың экс-әкімі Шалбай Құлмаханов кезінде аудан, қала ауыл әкімдерін үш ай сайын аттестациядан өткізіп тұрды. Масқара болғанда Ұйғыр ауданының: (аты-жөні есімде қалмапты бір ауылының әкіміне) «Қазақстан қашан тәуелсіздік алды?» дегенде танауының астынан міңгірлеп жауап бере алмаған. Панфилов ауданы, Жаркент қаласының әкімі (тегін қате айтпасам, Хизметов қой деймін) соған «*Қалада қанша колонка бар, қаншауы істеп, қаншасы істен шықты*» дегенде ақ тер, көк тер болып, ештеңе айта алмаған. Артынан жұмысынан алынды. Мәселен, осыдан бір-екі жыл бұрын Талғар ауданына барып ауыл тұрғындарын сөзге тартқанда, ауыл әкімдерін ілуде бір көретін қызырға теңеген. Бірақ әлгі әкімнің қағаз жүзіндегі атқарған жұмыстары тастай, кінәрат таппайсың. Алайда ауыл әкіміне көңілі толмайтын ауыл тұрғындары ұлардай шулайды. Жол, мектеп, жарық, ауыз су мәселесі жайлы айтқанда сай-сүйегің сырқырайды. Ал Мұқыры ауылдық округінде керісінше, әкімінің қағазға салғырттығын білген соң мәдениет, мектеп, балабақша қызметкерлерінің басшыларын шақыруын өтіндік. Обалы не керек, алып-ұшып келді. Олардың көзінше де, әкімге және өздеріне жоғарыда қойылған сауалды қойдық.

– Жандос Елтайұлы, сіз Мұқыры ауылдық округіне әкім болып келгелі бір жыл толды. Мекемелер арасында ауыл халқының бірлігін нығайтуда қандай жұмыстар атқарылды?

– Ондай шара өткізген жоқпыз.

– Тәуелсіз ел, «Рухани жаңғыру» аясында қандай шара өткіздіңіз? Ауыл әкімі ретінде неге мұрындық болдыңыз?

– Ләззат тате мәдениет үйінде Рухани жаңғыру аясында комиссиялармен алдында не болды? деп күмілжіді.

Оған Мәдениет үйінің жауапты директоры Ләззат Қоңырбаева жауап берді.

– Бізде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» аясында ай сайын іс-шаралар өткізіліп тұрады. Референдум басталмай тұрып ауыл ақсақалдарымен, қызметкерлермен дөңгелек үстел өткізілді. Содан кейін қызметкерлермен насихаттау жұмыстары жүргізілді. Хаттамалар толтырылды, бәрі құжат жүзінде бар, танысуға болады», – деді.

– Сіздер келгенше ауыл әкіміне бірқатар сұрақ қойылды, сол сұрақтарды сіздерге де қояйын: Президент Жолдауы қай кезде шықты?

Жандос Елтайұлы жауап бере алмаған сұраққа «Таңшолпан» балабақшасының әдіскері Жансая Манас: – *1-ші Қыркүйекте бірінші Жолдауы, одан кейін 16 наурызда екінші Жолдауы шықты* деп, таңдайы тақылдады.

Құрманғалиев Талғат Таңатарұлы, Мұқыры ауылы Қ. Жапсарбаев атындағы орта мектеп директоры: **–** *Мектеп ұжымы арасында насихаттау жүргізіліп хаттамалар толтырылған. Ұжыммен жұмыс жасап, ауыл тұрғындарына міндетті түрде насихаттап ауданға мәлімет береміз* , – деді.

Ауыл әкімінен таппаған хаттаманы іздеп, балабақша, мектеп, мәдениет үйін шарладық. «Жылаған өкіргенге жолығыпты» дегендей, ауылдың Мәдениет үйіне кіргенде оның директоры мен халық театрының әртістері ботадай боздады. Мәдениет үйіне тек ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалыпты. Оның өзі шала-шарпы. Сахнада декорация ілетін ауыр темірлерді арқанмен байлап қойған. Төбесі аюдың апанындай үңірейіп тұр. Қыстың күні жылу біткеннің бәрін көмейі бір толмайтын жемқорлардай сорып алады екен. Жаман айтпай, жақсы жоқ, сахнада жиын, мәдени шара өтіп жатқанда арқан үзілетін болса, төбедегі темір шенеуніктердің көк желкесіне түсіп, үзіп жіберуі хақ. Сахнадағы әртістердің басына түссе кім жауап береді? Ауыл әкімі бұл маған дейін болған шаруа деп, азар да безер болды. Мәдениет үйінің пеші де дұрыс қойылмапты. Рухани жаңғырады деген аудандағы ең үлкен Мәдениет үйінің кескін-келбетін көріп, «*Апырай, әруағын қадірлеген, қастерлеген ел едік, Нұрмолда Алдабергеновтің өз қолымен салып, ұрпағына мұраға қалдырған мәдени ошағын тоздырған аудан әкімі Алмас Әділ Қабдулұлының түсіне Нұрмолда атасы кіріп жүрген жоқ па екен деген ойға қалдық»*. Әйдік ақын Қалқа Жапсарбаевтың 125 жылдығына орай республикалық ақындар айтысы осы мәдениет үйінде өткізілгенде сол кездегі аудан әкімі болған Мұрат Өсербаевтың руханиятқа деген шынайы жанашырлығын ел көріп еді. Тайға басқан таңбадай, мың жылда өшпестей көрік беріп тұратын мәдениет үйінің атауы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Жақып Әбілтаевтың есімімен аталуы тиіс. Ол жайында 1996 жылы Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3 сәуірдегі актілер жинағында №382 қаулысының 2-ші қосымшасында Көксу ауданы, Кеңарал ауылы, Қызылтоған орталау мектебіне белгілі қызылшашы, қоғам қайраткері Сындыбала Қырықбаеваның Мәдениет үйіне Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Жақып Әбілтаевтың есімі берілгені тайға таңба басқандай жазылып тұр. Алайда күні бүгінге дейін мәдениет үйінің маңдайшасына айтулы тұлғаның есімі жазылмаған. Мәдениет үйінің директоры Ләззат Қоңырбаева: «*Осы мәселені көтеріп қақпаған есігім қалмады. Мен қазір аудан әкімдігіне де, аудандық мәдениет үйіне де жеккөрінішті болдым. Қуғын-сүргінде жүрген адаммын. Жақында Қарағандыдан қайын ағам Жақып Әбілтаевтың туған баласы осы мәселемен келеді»,* – деді. Жанарын жасқа малған жесір әйелдің және халық театры әртістерінің мұң-зарына құлақ түрсеңіз, төбе құйқаңыз шымырлайды. Бұл бөлек әңгіме. Газетіміздің келесі нөмірінде «Мұқыры Мәдениет үйі жазалау лагері ме?» деген мәдениет саласына қатысты бөлек мақала жариялайтын боламыз. Біздің басты тақырып, ауыл әкімдері және Президенттің Жолдауына елді мекендердегі ақпараттық қолдау қалай жүріп жатыр деген мақсат болған. Біз аралаған мекемелер аудан бюджетіне қарайды. Жалақыны да ауданнан алады. Бірақ ауыл әкімінің көмегіне мұқтаж болатын кездер болады. Біз аралалаған мекемелер ол жағынан көмек алып, қоян-қолтық араласып, жұмыс жасаймыз дейді. Бір сөзбен айтқанда, Көксуға барып көңіліміз құлазып, Мұқырыға барып, мұқалып қайттық. Жалпы, аудандағы идеологиялық ахуалға жіті мән берсек, аудан әкімінің аппараты қайда қарап отыр? Тым құрыса, ауыл әкімдігіндегі іс-қағаздарды бір тексеріп, ауыл әкімдерінің білім, біліктілігін зерделеп қайтса кім қой депті?!

Айтақын МҰХАМАДИ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

КӨК ТУДЫ ҚОРЛАҒАНДАР, НАМЫССЫЗ ОҢБАҒАНДАР

«ОТАНДЫ СҮЮ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ» ДЕП ҰДАЙЫ АЙТЫП КЕЛЕМІЗ. СОЛ ОТАН НЕСІМЕН ҚҰНДЫ. ӘРИНЕ, ЕЛТАҢБАСЫМЕН, ӘНҰРАНЫМЕН, КӨК БАЙРАҒЫМЕН ЖӘНЕ БҰҚАРА ХАЛҚЫМЕН ҚҰНДЫ. ОН СЕГІЗ МЫҢ ҒАЛАМНЫҢ ҚАТАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕН МЕМЛЕКЕТ БАРЫН, ОНДА ҚАЗАҚ ҰЛТЫ МЕН ҰЛЫСТАР МЕКЕНДЕЙТІНІН ӘЛЕМ ЕЛІ БІЛЕДІ.

Президенттің шетелдік сапарларының кортеждерінде келген мемлекетін айшықтайтын кішкене Ту іліну тұрса, қарсы алу рәсімінде екі мемлекеттің жалауы желбіреп салтанатты рәсім өтеді. Бұл – байрағы бар елдің абыройын асырып, айбынын асқақтатады. Ол аз десеңіз, олимпиадалық ойындарда жоғары дәрежеде өнер көрсеткен спорт саңлақтары алтыннан алқа тағынғанда көк байрақ көкке көтеріліп, Әнұран орындалады. Сол сәтте кеудеңді қуаныш кернеп, жанарға жас үйіріліп, «ҚАЗАҚ» деген мемлекеттің мерейі үстем болып тұрғанына шаттанасың. Сол үшінде елдің елдігін көрсететін рәміздерге қатысты арнайы күн белгіленген. Алайда біз осы рәміздердің қадір-қасиетін түсіріп, қолда бар алтынның қадірін білмей-ақ қойдық. Көк Туды тулаққа айналдырдық, күл-қоқыс таситын дорба жасап алдық. «Елдігіміздің айбары – Туымыз қорланып жатыр» деп бұқаралық ақпарат құралдары шулайды. Тіпті, елді мекендер тұрмақ қаладағы мемлекеттік мекемелердің маңдайшасындағы ілінген Тулардың тозығы жетіп, өңі қашып жыртылып, оның сабына киілетін ұңғымасын жіппен байлап қойғандарды да көріп жүрміз. Жүрегіміз селт етпейді. Өйткені қадірі жоқ, қадірлі болса, көздің қарашығындай қорғау міндетіміз емес пе? Осыдан алты-жеті жыл бұрын Алматы облысында Ішкі саясатты Гүлжиян Сүйлеменова (марқұм) басқарып тұрғанда көк байрақпен күл-қоқыс тасыған көркейту мекемесінің шаңын қағып сілкіледік. Одан кейін Григорияң күнтізбесі бойынша келетін Жаңа жылда Әкімдік алдында шырша тігіліп, оны безендірген ойыншықтарды көк байрақтан дорба жасап алып, сүйрелеп жүргендерді көріп бір өре түрегелгенбіз. Одан да асқан сорақыны базарлардан көрдік, іш киімге көк байрақты жапсырып саудаға шыққанда қызылкеңірдек болып қырылдық. Бұл көріністер тек Алматы облысында ғана болып қойған жоқ. Көк Тумен күл-қоқыс тасудан Шымкент қаласының коммуналдық қызметшілері де кенже қалмапты. Бұл 2015 жылы болған оқиға. Туды қор еткен «Бек-Асыл Сервис» мекемесінің екі жұмысшысы әл-Фараби аудандық сотының 2015 жылдың 8 шілдесіндегі үкімімен қылмыстық кодекстің 372-бабы бойынша Мемлекеттік Рәміздер-ді қорлаған деп айыпталып, әрқайсысы мемлекет пайдасына 100 айлық есептік көрсеткіш есебінде, яғни, 198 200 теңге төлеп құтылған. Мемлекеттік Туды қорлаған тағы бір ауыл тұрғыны ауласындағы жинаған жем-шөбін Қазақстанның Туы бейнеленген баннермен жапқан осылайша, шаруа, әкімшілік жауапқа тартылған-ды. Біздің «ҮКІМЕТТЕ», «ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДА» көретінді көрмейді де, көрмейтінді көріп қояды ғой. Көк Туды әспеттеп көп қабатты тұрғын үйдің балконына (қылтимасына) іліп қойған патриоттың әрекетін де заңсыз деп, әкімшілік жауапқа тартқан-ды. Расында, бұл азаматтың да әрекеті заң аясына сыймайды. Бірақ Туды қорлап, күл-қоқыс тасуға дорба жасап, ойыншық тасып, іш киімнің артына Туды жапсырып саудалағандардың қасында көк Туды қастерлеп, балконда желбіретіп қойған азаматты қалай патриот, отансүйгіш деп айтпайсың. Бұл Мемлекеттік Рәмізді кімдер қорламады. Қорлағандар өзге мемлекеттік адамдары емес, өзіміздің көксоққандар. Намыссыздар, әпербақандар, тойып секіргендер. Енді бәрі бітіп, білімділігі мен біліктілігі қаншалықты екенін білмеймін, бірақ сахнаға шығып тайраңдағандар да көк Туды қорлады-ау...

25 мамыр күні Алматыдағы Балуан Шолақ сарайында өткен «Ирина Кайратовна» тобының концертінде әншілер, оның ішінде «Shiza» лақап атты әнші сахнада мәдениетсіздігін көрсетті. Көк Туды қорлады. Қазақ елінің намысына тиді. Ғаламтор желілерін жарып жіберген ел толқуы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құлағына жетті. Президент Туды қорлағандарға қатысты пікір білдірді.

– «*Біз ғылымның ұлттық экономикаға қосатын үлесін көбейтуіміз керек. Сонымен бірге, әлемдік ғылыми кеңістікпен ықпалдастықты күшейткен жөн. Ғалымдар еліміздің рухани дамуына да баса мән бергені дұрыс. Жастардың отаншылдық рухын күшейту керек. Қазір әлеуметтік желіде мемлекеттік Туды қадірлеу туралы көптеген ой-пікірлер айтылуда. Өкінішке қарай, қасиетті көк Туымызға байланысты орын алған жағымсыз жағдайлар азаймай тұр. Сондықтан байрағымыздың пайдалану тәртібін қайта қарау керек деп ойлаймын. Қажет болса, тиісті заңдарға өзгертулер енгізуге болады. Өйткені көк Туымыз – қастерлі Тәуелсіздігіміздің символы. «Туған жерге туыңды тік» деп халқымыз бекер айтпаған. Біз – Туын әрқашан биік ұстаған елміз. Осы ретте Қаныш Сәтбаевтың бір ойы өзекті болып отырған сияқты: «Өз елінің қара тасын мақтан ете алмаған, өзге жердің алтынын да мақтап жарытпақ емес»*, – деді Президент Қ.Тоқаев.

«Айғайласам шығады ащы даусым» деп зиялы қауымнан бастап, ұлт мүддесін көздеген тұлғалар мұндай сорақылықты жауапсыз, әрі жазасыз қалдыруға болмайтынын айтып, дабыл қақты. Президент те дереу халық үніне құлақ түріп, байрақ туралы қажет болса тиісті заңдарға түзету енгізу керектігін айтуда. Бүгінгі қоғамдағы жастар және сахнада жүрген әртістердің көбі жабайыланып барады. Олар халық алдына шығып аузына не келсе, соны сөйлей салатын болды. Елге үлгі-өнеге көрсетеді дегендер сахна мәдениетінен жұрдай болса, оларды көріп өскен жас толқын кімнен тәлім-тәрбие алады? Бұл бөлек әңгіме. Бар гәп, Мемлекеттік Рәмізді жұмарлап, одан қалса, жалаңаш тәніне жауып алып ойына келгендерін жасап жүрген әншісымақтарды жай ғана жазалап қою, немесе айыппұл салумен шектелуге болмас. Мемлекеттік Рәмізді қорлағандар қатаң жазаға тартылуы керек. Мейлі, олар әнші немесе жұмысшы, мекеме басшылары болсын қас-қабақтарына қараудың қажеті жоқ. Себеп, Тәуелсіз елдің Рәміздері көктен көк қошқардай түсе қалған жоқ. Кешегі желтоқсанда алаңда қан төгілді. Азаттықты аңсағандар құрбан болды. Ол аз десеңіз, жаугершілік заманда тоқымдай жер үшін аттың жалы, түйенің қомында, білегінен найза, белінен бес қаруы түспеген ата-бабаларымыз көкке көтерген байрақ бұл. Сенатор Нұртөре Жүсіп те палатаның жалпы отырысында Қазақстанның мемлекеттік Рәміздерін қорлағаны үшін жазаны қатаңдатуды ұсынды. Мұндай ұсынысты ол «Ирина Кайратовна» тобының концертіндегі шуға байланысты жасап отыр. Премьер-министр Әлихан Смайыловқа депутаттық сауал жолдап, Алматыдағы спорт сарайында өткен «Ирина Кайратовнаның» концертінде Қазақстанның Туын келемеждеп, балағат, бей әдеп сөздер айтқандарға қатысты, әншілердің тек бірі кешірім сұрап, айыппұл төлегенін айтты.

– «*Бұл жеңіл жаза «Қылмыстық кодекстің 372-ші бабы» бойынша Қазақстан Республикасының рәміздерін қорлау – 2000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 600 сағатқа дейінгі қоғамдық жұмыстарға тартуға, не болмаса 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Әдетте концертті кімдер ұйымдастырды? Қалтасында қомақты қаржысы барлар өткізеді. Оларға мына мөлшердегі айыппұлды төлей салу түкке тұрмайды»*, – дейді депутат. Бұл бір ғана әртістерге қаратып айтқан сын емес. Жоғарыда жазылғандай, Туды тулаққа айналдырып күл-қоқыс тасып дорба жасағандар, іш киімнің жабасына жапсырып қорлағандар да тек айыппұлмен, болмаса кешірім сұраумен құтылуы керек пе? Ұлттың ұлылығын айшықтайтын Рәміздерді қастерлеуді әуелі шенді-шекпенділерден бастау керек. Мекеме маңдайшаларындағы кей Тулардың сұрқын көрсеңіз, көңіліңіз жасиды. Олар да көрсе де көрмегендей болып отыра береді. Блогерлер мен журналистер жыртылған, тозған Туды көріп ғаламторға, не бұқаралық ақпарат құралдарына жариялап жіберсе, астарынан су шыққандай жұмсақ орындарынан атып тұрып, «*Өзімізде ауыстырайық деп жатыр едік, қаржы енді бөлініп жатыр*» – деп соғады шіркіндер. Кеше Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа Ту тіккен батыр бабамыз Рақымжан Қошқарбаев шыбын жанын шүберекке түйіп тұрып, көзсіз ерлік жасамады ма? Қарша бораған оқтың арасынан өз басын құрбандыққа шалып, Кеңес Одағының айбынын «Қызыл Ту» арқылы асырмады ма? Бес жыл тобығынан қан кешіп, қар жамылып, мұз жастанып, біз көрген нәубетті, зұлым соғысты болашақ ұрпақ көрмесін деп кеудесін оққа төсеген қазақ батырлары советтік Туды Берлиннің төбесіне көтерген еді. Ал тәуелсіз Қазақстанда көк байрақты көксоққандар қорлап жүр. Кешегі қаңтардағы қанды қырғында көк байрақты көтеріп ел құрметіне бөленген марқұмды ел ұмыта қойған жоқ. Отанның шаңырағы биік, керегесі кең болуы үшін көк байрақ жерде емес, көкте желбіреп тұруы керек. Туды қорлағаның – ұлтты қорлағаның. Соны ұмытпаңдар желігіп жүрген жүгермектер!

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 13 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.00 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.40 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.50, 21.20 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Футбол. Ойындарға шолу» Чехия-Испания, Швеция - Португалия
15.25 «Ауылдастар»
16.00 «Көңіл толқыны»
17.15 «Шабдалы 18»
20.35 «Ashyq alan»
22.30 «Жат мекен»
23.25 «1001 түн»
00.35 «Футбол. УЕФА» Хорватия-Франция

ХАБАР

05.00, 18.00 Мегахит «Ускорение»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Детектив Әже»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Рауза»
15.00 «Бүгін»
16.00 Кино
18.00 «Мегахит. Патруль по законам улиц»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
20.50 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Шымкент менің махаббатым»
22.30 Т/х «Қарлығаш ұя салғанда-2»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 02.00 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.55 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 Х/ф «Өкініш»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.05 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.30 «Astana Times»
21.00 Т/х «Әйел тағдыры»
02.25 «SarapTimes»
04.30 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.50 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Бауырлас елдегі байрақты сапар»
10.25 Сериал «Каменное серце»
14.00, 02.05 «НОВОСТИ»
14.15, 02.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Ментовские войны-10»
00.10 Сериал «Тот, кто читает мысли»
01.10 «Зорге»
02.35 «Паутина»
04.35 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Дау-дамайсыз»
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.00 Т/х «Мұңды ызғар»
10.50 Т/х «Доктор Лейла»
12.00 «Юморина»
13.30 «Было дело»
15.30 Х/ф «Жизнь взаймы»
17.30 «Мой мужчина, моя женщина»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «На краю ловушка»
01.15 «Женские секреты»
02.00 «Мұңды ызғар»
03.30-04.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30, 02.40 «31 әзіл»
08.30, 01.10 Сериал «Ханшайым»
09.30 «Күліп ALL»
10.00 М/с «Лекс и Плу»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.40, 12.40 Т/с «Кухня»
13.40 М/ф «Полное погружение»
15.40 Кино «Макс»
18.10 Кино «Охотники на ведьм»
20.00 Информбюро
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Зеленый шершень»
00.20 Сериал «Анупама»
01.50 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 Сериал «Саған сендім»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.50, 02.40 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Серт пен Сезім»
08.15 Т/х «Қадам»
09.00, 16.00 Сериял «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериял «Горячая точка»
12.00 «Зың-Зың Күлпәш»
13.00 Ток-шоу «SanTaram»
14.00 «Құтты қонақ»
14.30, 02.20 «Гадалка»
15.00, 01.20 «Родком»
15.30, 01.50 «ИП Пирогова»
17.00 Т/х «Тойхана»
18.30, 00.20 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
22.20 Т/х «Аяла мені»
23.20 Т/х «Әкесінің баласы»
00.50 «Студия 7»
03.10 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 14 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.15 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.40 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.50, 21.20 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.10 «Футбол ойындарына шолу»
15.25 Деректі фильм
15.50 «Қазақтар»
16.25 «Көңіл толқыны»
20.35 «ASHYQ ALAN»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.25 «1001 түн»
00.35 «Футбол УЕФА»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Патруль по законам улиц»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00, 16.00 Кино
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Детектив әже»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Рауза»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Веселые каникулы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Ерекше бақылауда»
20.50 «На особом контроле»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Шымкент менің махаббатым»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 02.00 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Бизнес по-казахски»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30, 01.05 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.30 «Astana Times»
21.00 Т/х «Әйел тағдыры»
02.40 «Айтарым бар»
04.30 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05 Сериал «Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10, 02.05 Новости
14.20, 02.15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.10 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-10»
00.10 Сериал «Тот, кто читает мысли»
01.10 «Зорге»
02.25 «Паутина»
03.40 «Тамаша City»
04.25 «Той Заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 03.30-04.00 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Астарлы ақиқат»
08.15 «Сен мықтысың, тек алға!»
09.00, 02.00 Т/х «Мұңды ызғар»
10.50 Т/х «Доктор Лейла»
12.00 «Было дело»
13.30 «Ловушка»
15.20 Худ/ф «На краю»
17.30 Худ/ф «Тайны и ложь»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 Худ/ф «На краю, ловушка»
01.15 Х/ф «Женские секреты»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Арнайы репортаж»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30, 20.00 Информбюро
08.30, 01.20 Сериал «Ханшайым»
09.30, 02.40 31 әзіл
10.00 М/с «Лекс и Плу»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.50, 11.50 Сериал «Кухня» (повтор)
12.50 Кино «Макс»
15.20 Худ/ф «Зеленый Шершень»
18.00 Кино «Две разные близнецы»
21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
21.55 Худ/ф «Двадцать одно»
00.30 Сериал «Анупама»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 Сериал «Саған сендім»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.50, 02.40 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Серт пен Сезім»
08.15, 22.20 Т/х «Аяла мені»
09.00, 16.00 Сериал «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Горячая точка»
12.00 Т/х «Зың-Зың Күлпәш»
13.00 «San Taram»
14.00 «Құтты қонақ»
14.30, 01.50 «Гадалка»
15.30, 01.20 Сериал «ИП Пирогова»
17.00 Т/х «Тойхана»
18.30, 00.20 «Aibat»
19.00,00.50 «Студия 7»
21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.20 Т/х «Әкесінің баласы»
03.10 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 15 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.55 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.35 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
11.50, 21.20 Т/х «Бақытсыздар бағы»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Футбол ойындарға шолу»
15.30 «Ауылдастар»
16.05 «Көңіл толқыны»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 «Жат мекен»
23.25 «1001 түн»
01.10 «Ashyq Alan»
01.55 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Мегахит «Веселые каникулы»
07.00 «Оян!»
10.00, 16.00 Кино
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Детектив әже»
13.00 Новости
13.10 Т/х «Рауза»
15.00 «Бүгін»
18.00 «Средь бела дня»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Т/х «Шымкент менің махаббатым»
22.30 «Не хабар?»
23.30 Т/х «Рауза. Сакураның гүлдеуі»
00.15 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «КЭБЭК»
07.10 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 02.00 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Бизнес по-казахски в Америке»
17.35 Т/х «Кішкентай келін»
18.30, 01.05 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Өткінші жаңбыр»
20.00, 03.30 «Astana Times»
21.00 «Әйел тағдыры»
02.40 «Айтарым бар»
04.30 Үздік әзілдер

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.40 «Тамаша City»
06.45 «Той Заказа»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.05, 00.10 «Тот, кто читает мысли»
13.05 «Старшая дочь»
14.10 Новости
14.20 ЖАҢАЛЫҚТАР
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Ментовские войны-10»
01.10 «Зорге»
02.05 Новости
02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР
02.25 «Паутина»
03.10 Басты жаңалықтар
04.25 «Той Заказа»

КТК

07.05, 04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Астарлы ақиқат
08.15 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
09.00 Т/х «Мұңды ызғар»
10.50 Т/х «Доктор Лейла»
12.00 «Было дело»
13.30 «Ловушка»
15.20 Худ/ф «На краю»
17.30 Худ/ф «Тайны и ложь»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «На краю», «Ловушка»
01.15 «Подари мне счастье»
02.40 «Мұңды ызғар»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
10.35 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.10 Ауа райы
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Құйынды мекен» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 01.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 М/с «Маша и медведь»
11.10 Сериал «Кухня» (повтор)
12.10 Сериал «Кухня»
13.15 «Такие разные близнецы»
15.20 «Двадцать одно»
18.10 «ШОПО-КОП»
20.00 Информбюро
21.00 Честно говоря
21.10 «Ұшқан Ұя»
22.05 Худ/ф «Ангелы Чарли»
21.55 Худ/ф «Репликант»
00.05 Сериал «Анупама»
01.40 Сериал «Базарбавтар»
02.20 31 әзіл
03.30 Сериал «Саған сендім»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.50, 02.40 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.20 «Серт пен Сезім»
08.15, 22.20 Т/х «Аяла мені»
09.00, 16.00 Сериал «Женский доктор»
10.00, 19.30 «Горячая точка»
12.00 Т/х «Зың-Зың Күлпәш»
13.00 «San Taram»
14.00 «Құтты қонақ»
14.30, 01.50 «Гадалка»
15.30, 01.20 «ИП Пирогова»
17.00 Т/х «Тойхана»
18.30, 00.20 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
23.20 Т/х «Әкесінің баласы»
00.50 «Студия 7»
03.10 «Тамаша»
04.00 Т/х «Япырай»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІЛІМ

ШӘКІРТ ЖЕҢІСІ – ҰСТАЗ ЖЕМІСІ

Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. Егер әр адамның жүрегінде ізгілік тамшысы мен бойында қарым-қабілеті болса, ол соны аша білген мұғалімнің еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің бойына дарыту үшін мұғалім қаншама тер төкті десеңізші. Дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет жоқ шығар, сірә?!

Оқушының қандай да бір жеткен жетістігі болса, ол ең әуелі ұстазымен бірлесіп жасаған жұмысының арқасы. Талдықорған қаласындағы Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» арнаулы лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Туғанай Аяпова да ұстаздық жолында шәкірттерін білім нәрімен сусындатып қана қоймай, әр баланың биіктен көрінуіне ерекше ден қойған. Жылдар бойы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен болатын қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларға шәкірттер дайындауда еш аянып қалған емес. Оқушысының білім көкжиегінен көрінуі жолында бойындағы бар күш-жігерін сарпыған ұстаз еңбегі өлшеусіз ғой.

«Ұстаз бақыты – шәкіртінің жетістігін көру» болса, Туғанай Өзбекбайқызы дайындаған оқушылар әр жылда өтетін қалалық, облыстық, республикалық олимпиадаларда жүлделі орыннан көрініп келеді. Жеткеші үміт артқан оқушылар өз нәтижелерін көрсетіп, білімдерін дә-лелдеп шығуда. Биыл да ұстаздың 5 оқушысы пән олимпиадаларында жүлделілердің қатарынан ойып орын алды. Осындай дәрежеге жеткені-міз талмай ізденгенімізбен, үздіксіз еңбектенгеніміздің нәтижесі дейді ұлағатты ұстаз.

Туғанай АЯПОВА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:

– Ұстаздық жолда жүргеніме биыл 36 жыл болыпты. Ал Мұхтар Арын атындағы дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын лицейде 20 жылдан аса уақыт еңбек етіп келемін. Оқушыларды олимпиадаға дайындау – біздің лицейдің алдыға қойған мақсаты. Оны орындауда әрбір мұғалім жұмыс жасайды. Мұғалімдер оқушының жетістігі үшін қызмет етеді. Өйткені әрбір оқушының жетістігі лицей мәртебесін асқақтатады.

Дарынды балаларға арналған білім ордаларында бала түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі болу үшін сонау 5-ші сыныптан бастап дайындалады. Оқушы мұғалімнің беріп отырған тапсырмасын, жеке бағдарламаны өз бетінше құру керек. Білімгер ұстазының берген бағыт-бағдарын түзете отырып, жұмыс жасайды. Яғни, бұл еңбек пен нәтижеге жылдар бойы төзімі мен білімін сарп етіп, жүйелі жұмыс жүргізеді.

Оқушыларды олимпиадаға дайындау үшін аптасына 2 рет, үш сағаттан уақыт бөлінген. Алайда Туғанай Өзбекбайқызы мен шәкірттері дайындықтары жоғары болуы үшін бұл уақытпен ғана шектелмейді. Қарқынды жұмыс күнделікті жүргізіліп отырады. Егер дайындыққа аптаның екі күні жетеді деп жүре берсе, онда мұндай нәтижеге жетпейтіні анық. Сондықтан бұл оқушылар өздерінің сабақтан тыс кездерінде, ұстазының бос уақытында үздіксіз дайындық жүргізіп отырды.

Лицейдің 2021-2022 жылғы оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша республикалық олимпиададан 2-ші орынды 10-сынып оқушысы Аруна Сағынтаева еншілесе, IV республикалық «Абайтану» олимпиадасына қатысқан 9 «а» сынып оқушысы Іңкәр Нүсіп жүлделі 2 орынды, жүлделі 3 орынды 10-сынып оқушысы Іңкәр Әбілқайыр алды. Сонымен қатар республикалық «Ділмәр шешен» байқауынан Амина Жақсылықова 3-ші орынды еншіледі. Ал әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен Халықаралық олимпиадада Аяжан Серік жүлделі 2-ші орынды қанжығасына байлады.

Жүлделі орынға ие болған оқушылар өздерінің осындай жетістіктен көрінуі ұстаз еңбегі екенін айтты.

– Жүйелі жұмыс пен табанды еңбекті талап ететін олимпиадада жоғары нәтиже көрсету – мен үшін үлкен жетістік. Менің әрбір олимпиададағы жетістігім – бір күндік дайындықтың жемісі емес. Сондай жетістіктерімнің бастамасы – биылғы оқу жылы болды. Олимпиадаға дайындық кезінде маған дұрыс бағыт-бағдар берген, барынша қолдау көрсеткен – менің ұстазым. Өзім оқып жатқан білім ордасындағы мені дайындаған қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аяпова Туғанай Өзбекбайқызына алғысым шексіз!

Ұстазым уақытпен санаспай, сабақтан кейін де маған үздіксіз білім нәрін беріп, керек кезінде «ЗУМ» платформасы арқылы дайындық жүргізді. Алдағы оқу жылында да олимпиадалардан жүлделі орын алу – менің басты мақсатым. Осы мақсатыма жету жолында дайындығымды күшейтіп, жан-жақты әлі жетілмей тұрған тұстарымды дамыту керекпін, – дейді жүлдегер Іңкәр Нүсіп.

Іңкәрмен әңгімелесуде ол өзінің болашақ мамандығын ұстаздықпен байланыстырмақшы екенін айтты. Сол үшін қазірден бастап талмай еңбек етіп, білімімді жетілдіруден жалықпай келемін дейді.

Атап өтейік, Мемлекет басшысының жарлығына сәйкес Ұлттың ұлылығын ұлықтаған дана Абайдың шығармашылық мұра-сын бүгінде жаңаша дамытып, болашаққа саф алтындай құнды күйінде жекізуді мақсат еткен Абайтану пән олимпиадасы биыл республикалық деңгейде IV-ші рет өткізілді. Оған облыстық кезеңнің жеңімпаздары, жалпы білім беретін ұйымдардың 9-11 сынып оқушылары қатысты.

Аруна Сағынтаева – 5-ші сыныптан бастап түрлі байқау, жарыстарға жүйелі түрде қатысып келеді. Биыл да республикалық олимпиаданың 2-ші орын жүлдегері атанды. Осы орайда жақында облыс әкімінің қабылдауында болып, арнайы сыйақымен марапатталды. Жылдар бойы жинаған білім өз нәтижесін көрсетіп, төккен маңдай терін ақтап келеді. Аруна өзіне сенім білдіріп үміт артқан, әрдайым қолдау білдірген ата-анасы мен лицейдегі достарына алғысын айтады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні аясында ұйымдастырылған «Ділмәр шешен» байқауынан үшінші орынды иеленген Амина Жақсылықова сүйікті ұстазы Туғанай Өзбекбайқызының олимпиадаға баратын уақытта әр оқушыға үміт артып, бойына табандылық, бәсекеге қабілеттілік сынды қасиеттерді дарытып отыратынын мақтанышпен айтты.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тану, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу түсіне білгенге ерекше қиын іс. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін санасына сіңіріп, оны жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы... Неғұрлым баланың таланты мен қабілетін дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, соғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Баламен жұмыс жасағанда оның нәтижелі болуы мұғалімнің біліміне тікелей байланысты.

Дарынды ұстаз болған жерде дарынды бала шығады. Осыған орай мұғалім жан-жақты, кәсіби дайындығы терең, өз бойына жинақтаған білімін жастарға үйрете алатын маман болуы шарт. Ол тек білімді жеткізуші ғана емес, керісінше, оқушының білімін, өмірге көзқарасын жүйелі түрде қалыптастыра алатын жан болуы тиіс. Оқушы бойындағы қабілет-қарымды ашуда екінің бірі шебер бола бермейді. Туғанай Өзбекбайқызы секілді білімді, білікті ұстаздар тұрғанда елімізде дарынды, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиеленіп шыға берері сөзсіз.

Арайлым НҰРЖАПАР

ҚАЗЫНА

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ЗАҢ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП. СОНДЫҚТАН БҰЛ БАҒЫТТА КЕШЕНДІ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛЫП ЖАТЫР. СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕРКІН МЕҢГЕРІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ЖАҢА НҰСҚАУЛЫҚТАРМЕН ТАНЫСЫП, СОТ ІСТЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ҚАРАП, ІС-ҚАҒАЗДАРЫН САУАТТЫ ЖҮРГІЗУДІ ДҰРЫС ЖОЛҒА ҚОЙҒАН.

Еліміздің Конституциясында «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық жазылған. Тіл – қазақ халқы пайда болғаннан бері бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық құндылығымыз, бір тұтас ұлт екеніміздің айғағы, баға жетпес асыл қазынамыз. Өзіндік мінез-құлқымызды, салт-дәстүрімізді бен табиғи болмысымызды осы ана тіліміз ғана айшықтап тұрады. Ендеше туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім өз ана тілінде еркін сөйлеп, оны шексіз сүйюден басталады

Қазақ тілін білу, оған құрметпен қарап, қадірлеу – еліміздің әрбір азаматының қасиетті парызы. Әрине тіл мәселесіне келгенде, бұл уақытқа дейін туындаған түйткілді мәселелер жоқ емес. Қазіргі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тіл мәселесіне ерекше көңіл аударып, «Қазақ тілі – қазақтың жаны» екенін және «Халқымыздың тарихы да тағдыры да – тілінде» деп баса айтты. Сол себепті, Мемлекет басшысы болашағын Қазақстанмен байланыстырған әрбір ел азаматы қазірден бастап қазақ тілін оқып үйренуге ден қоюы керектігін алға тартты. Халқымыз замана көшінен қалып қойған жұрт емес. Әлем елдерімен иық тірестіріп, тәуелсіздік көгінде еркін самғап келеді. Биыл егеменді, азат ел болғанымызға 30 жыл. Бұл өткеннен сабақ алып, жарқын келешекті бағдарлап, бүгінгі бейбіт күнде елге адал қызмет етіп, бақытты ғұмыр кешетін тамаша кезең. Сондықтан ұлттық, рухани және мәдени құндылақтарымызды дамытып, көздің қарашығындай сақтауға сүбелі үлес қосуға атсалысуымыз қажет.

Баршамызды мемлекеттік тілдің кең қанат жайып, өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбектенуге шақыратын ортақ мүдде біріктіреді. Ендеше жүрегі қазақ деп соққан әрбір азамат, осы жолда өз ар-ожданы алдында адал, жалпының игілігін көздеген мақсатына берік болу қажет. Сонда ғана қазақ тілінің көсегесі көгеретіні анық.

Айнагүл ҚҰТТЫБЕКОВА,
Көксу аудандық сотының
бас маманы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ ?

МАТАЙДАҒЫ

ҚР «ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ» КОДЕКСІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ, АЛДЫН АЛУ, ЕМДЕУ ЖӘНЕ ОҢАЛТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНДЕ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ ТИІС ЕКЕНДІГІ АТАП ӨТІЛГЕН. ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНДА ДА НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРДЫҢ БІРІ – МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ. ОСЫ РЕТТЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТІН ЖАНДАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ТҰРАТЫН ТҰРҒЫНДАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖӘНЕ АРТТЫРУДЫ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫНЫН ДА АЙТА КЕТЕЙІК.

майталман дәрігерлер

Біз тілге тиек еткелі отырған Ақсу аудандық орталық ауруханасына қарасты кезекті медициналық мекеме – Матай ауылдық ауруханасы. Аурухананы басқарып келетін меңгеруші Ләззат РАХЫМБАЕВАНЫҢ сөзінше, халықтың денсаулығын сақтау жолында 54 маман еңбек етіп келеді. Оның үшеуі жоғары білімді мамандар: екі терапевт және педиатр. Орта буынды 24 маман, кіші буынды 27 қызметкер жұмыс істейді. Соңғы жылдарды ұжым құрамы жас мамандармен де толыққан.

– Шығыс Қазақстанның тумасымын. Мектепті бітірген жылы Қазақстан-Ресей медициналық университетінің педиатрия факультетіне оқуға түстім. Аталмыш оқу орнын 2011 жылы тәмамдап, тағы бір жыл интернатурада оқыдым. Алғашқы еңбек жолым Талдықорғандағы облыстық балалар ауруханасында басталды. Осы жерде жұмыс істеп жүргенімде Матай ауылдық ауруханасының басшысы болған Қайыр Жеңісұлы «Бізге педиатр маманы қажет, келесің бе?» деп ұсынысын айтты. Менің жолдасым Матай ауылынан ғой. Яғни, осы ауылға келінмін. Осылай ұсыныстан бас тартпай, Матай ауылдық ауруханасына педиатр маманы болып келдім. Міне, содан бері қарай балалар дәрігері болып еңбек етіп келемін. Ал меңгерушілік қызметке 2019 жылдың наурыз айынан бастап тағайындалдым. Меңгеруші болсам да өзімнің негізгі жұмысымнан қол үзіп қалғаным жоқ.

Матай ауылындағы жалпы бала саны 1033. Оның 56-ы бір жасқа дейінгілер, бес жасқа дейінгілері 354 бала. Осы 1033 баланың ішінде 30 бала диспансерлік учетқа алынған. Оларға қажетті дәрі-дәрмек тегін беріледі. Сонымен қатар мектеп жасындағы 634 оқушы бар. Оларды да жыл сайын профилактикалық тексеруден өткізіп тұрамыз, – дейді Ләззат Бабағұмарқызы.

Матай ауылдық ауруханасының ғимараты 2008 жылы қолданысқа берілген. Өткен жылы аурханада 20 орындық стационар қайта ашылса, 10 төсектік күндізгі стационар да жұмыс істеп тұр.

– Біраз жылдан бері жабылып қалған тәуліктік стационардың қайта іске қосылуына аудандық аурухананың директоры Салтанат Мықтыбаеваның қосқан үлесі зор. Дәрігерлер ғана емес, ауыл халқы үшін де бұл өте керемет жаңалық болды. Тәуліктік стационардың ашылуымен жұмысымыз да көш ілгерлене бастады десек болады. Қазіргі таңда мұнда 4 медбике, 4 кіші қызметкер (санитарка) тәулік бойы жұмыс істеуде. Ем-домын жатып алатын үлкен кісілер бұрынғыдай ауданға сабылмай-ақ, осы жерде қаралады, – дейді білікті басшы бізбен әңгімесінде.

Соңғы үш жылда Матай ауылдық ауруханасына алты жас маман келген. Ұжымдық құрам ең қажетті деген акушер, терапевт, фельдшер мамандарымен толығыпты. Басшы сөзінше, олардың бәрі өз ісіне жауапкершілікпен қарайды.

– Бұл мамандықты жүрек қалауымен таңдағандықтан да дәрігерлікті үлкен мәртебе деп санаймын. Соның ішінде педиатрия саласына түскен соң баланы жақсы көріп, оған бүкіл жан-жүрегіңмен беріліп тұрсаң ғана жақсы маман болып қалыптаса алатыныңды, яғни, педиатрияның осындай психологиялық жағын да ескермей болмайтынын сездім. Негізінде дәл осы мамандықты таңдағаныма еш өкінбеймін. Дәрігер болу – өмірімдегі негізгі орынды алады деп айтсам да болады.

...Өздеріңіз жақсы білетіндей, қазір аурудың түрі көп қой. Бұрын ересектер ғана ауыратын аурулар бүгінде балаларда да жиі кездесетіні алаңдатады.



Қала берді, кей ата-ана баланың ауруын әбден асқындырып болған соң ғана дәрігерге алып барады. Мұндайда бізге де қиын. Сондықтан әрбір ата-ана өз перзенттерінің денсаулығына өте мұқият қараулары керек, – деген Ләззат Рахымбаева жеке өмірінен де сыр шертті. Айтуынша, ол – дәрігерлік жұмысты атқара жүріп келіндік міндетін де ұмытпаған жан. Сонымен қатар ел демографиясына үлес қосып келетін ардақты ана. Қазіргі таңда Алла берген 4 баланы тәрбиелеуде. Жолдасы темір жолда қызмет етеді.

Дәрігер мамандығының қыр-сырына қанығып, қиындығына төтеп беру үшін де үлкен жүрек керек. Жүректілікпен қатар бұл мамандық жауапкершілікті де талап етеді. Өйткені олар адам өмірінің құтқарушысы болып табылады. Осындай ізгілікті жолда аянбай тер төгіп келетін Ләззат Бабағұмарқызының ауыл медицинасына қосып келетін үлесі өлшеусіз. Оның өзі айтқандай, соңғы жылдарда ауылдағы медицина қарқын алып келеді. Ауыл дәрігерлері ауданның білікті мамандарымен байланысты нығайтқан. Кез келген аурудың асқынулары орын алып жатса дереу аудандағы мамандарға шығып, арнайы кеңестерін алады. Халықтың денсаулығын жақсарту жолында еңбек етіп келетін медицина мамандары дәрігер үшін басты міндет – сапалы қызмет екендігін жақсы біледі.

* * *

Аурухана меңгерушісімен әңгімелесуде өз ісін жетік білетін жас мамандар туралы да тілге тиек еткен еді. Солардың бірі – Меруерт МҰСАНОВА.

Ол – Сарқан ауданына қарасты Лепсі ауылының тумасы. Мектепті бітірген жылы С. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университетіне оқуға түсіп, жеті жылдан кейін терапевт мамандығы бойынша диплом алған. Алғашқы еңбек жолын туған жерден бастауды жөн санап, 2016 жылы жолдамамен Лепсі ауылына келеді. Мұнда бір жыл жеті ай терапевт дәрігері болып қызмет етеді. 2018 жылы матайлық жігітке тұрмысқа шығып, сол жылдың мамыр айынан Матай ауылындағы ауруханаға терапевт

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АХУАЛЫҢ ҚАЛАЙ, АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ ?

болып орнығады. Міне, содан бері осы ауылда еңбек етіп келеді.

Медицина саласының көптеген бөлімі бар. Соның ішінде адамдардың жалпы саулығын қарап, сырқатын айнытпай табуда дәрігер-терапевтің орны тіптен бөлек екенін айтады кейіпкеріміз. Түсінгеніміз, еңкейген қарт та, еңбектеген бала да осы дәрігердің есігін сығалайтыны анық.

– Ауруханада екі терапевт дәрігері бар болса, соның бірі – мен. Учаскелік қабылдаудан бөлек стационардағы науқастарға, арасында үйдегі шақыртуларға барамыз. Тәуліктік стационар ашылғалы бері жұмысымыз одан әрі жанданды. Қосымша мамандар алынды. Бұрынғыдай емес мекеменің тынысы кеңейді, – дейді Меруерт Райымбекқызы.

Әңгіме желісінде терапевт-дәрігер артериялық гипертониямен сырқаттанушылар санының артқаны туралы да айтты. Мұнымен қатар әлеуметтік маңызы бар аурулар жиілеп кеткен. *– Бүгінде ауылда*

төрт мыңнан аса халық болса, соның үш мыңнан астамы ересек жастағы адамдар. Екі терапевт дәрігер болғандықтан әрқайсымыз 1500 адамнан бөліп, осылайша, елмен етене жұмыс істеп келеміз, – деген ол өмірде таңдап алған жолына еш өкінбейтінін айтты.

– Аурудың алдын алатын, жұмысы ауыр, көпбейінді бұл мамандыққа қызығушылық таныттым. Науқастың талдамаларын алып, оған дұрыс диагноз қою аса үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Күнделікті жағдайын бақылап, уақытылы емдік шарасын жасауды толық міндетіне алу керек. Өзімнің ұстанымым осындай. Көбінесе ауылдық дәрігердің еңбегі көріне бермейді. Дегенмен, тұрғылықты әрбір тұрғынның денсаулығынан хабардар болып отыруға тиіспіз. Тиісті ем шарасын беру біліктілікті қажет етеді. Науқастың сырқатына ем табылып, алғысын алған сайын жұмысқа деген қызығушылық та арта түседі, – дейді Меруерт Мұсанова.

Алты жылдан аса уақыт терапевт-дәрігері болып келетін жас маманның айтуынша, қанша сын айтылса да, халық дәрігерлер қауымын ерекше құрмет тұтады. Дәрігер болуды армандайтындар да көп. Алайда кез келген жан дәрігер бола алмайды. Неге десеңіз, олардың адам өміріне жауапкершілігі, жанашырлығы мен адалдығы маңызды. Дәрігер болатын жанға үлкен жүрек керек.

Жас маманмен тілдесуде оның осындай үлкен жүректің иесі болуымен қатар, өз ісіне шын берілген маман екеніне де көз жеткіздік.

* * *

Мария НҰРБАЙҚЫЗЫНЫҢ учаскелік мейірбике қызметін атқарғанына отыз бес жылдан аса уақыт болыпты. Сағабүйен ауылының тумасы мектепті бітірген жылы Талдықорған медицина колледжіне оқуға түсіп, 1987 жылдан бері Матай ауылдық ауруханасында учаскелік мейірбике болып еңбек етіп келеді.

– Осы ауылдың жігітіне тұрмысқа шығып, Матай ауылдық ауруханасына жұмысқа орналастым. Содан бері отыз жеті жылға таяп қалыпты. Ол кездегі басшымыз Тыныштықбек Әмірсанин болған. Одан кейін де біраз басшылармен жұмыс жасадым.

Мейірбике – науқастың саулығына, тез жазылып кетуіне дәрігермен бірдей жауапкершілікпен қарап, бар жағдайын жасап, уақытылы ем-домды көрсететін денсаулық жанашыры деп білемін. Жалпы, маған кішкентай кезімнен біреуге көмек көрсеткен ұнайтын. Мен үшін біреуді емдеп, оған көмек беру – игі іс саналады. Сонымен қатар ауылда дәрігер болған Шолпан Тұрсынтайқызындай болсам деп армандайтынмын. Сөйтіп, осы саланы таңдадым. Еш өкінбеймін. Жұмысым да, ұжымым да жақсы... Тек шынайы мейірімді адам ғана нағыз мейірбике бола алады деп айта аламын. Әрбір жанның көңілін аулап, қамқор болу, жазылып кетуіне септігін тигізу де аса шыдамдылықты талап етеді, – дейді тәжірибелі мейірбике Мария Устенова.

Отыз жылдан аса уақыт медицинаға еңбек сіңіріп

келетін білгір маман мейірбике бола жүріп арасында тіс дәрігері болып, тіпті, хирургтың жұмысын да атқарып келетінін айтып бізді тандандырып қойды.

Матай ауруханасы. 1932 жылы дәрігерлік бекет болып ашылып, кейін тораптық болып ұлғайды. 1964-66 жылдары оны В. Михайлова басқарды. Осы тұста жаңа рентген және физио-емдеу кабинеттері ашылды. Аурухана күрделі жөндеуден өтіп, орталық жылу жүйесі іске қосылды. 1966-76 жылдары бас дәрігер болған Қалқатай Тұралықовтың тұсында аурухана кеңейіп, 87 төсектік болды, жаңадан балалар бөлімшесі салынды. Дәрігер мамандар көбейді. Матай және жол бекеттері тұрғындарымен бірге Құрақсу, Қызылтаң, Егінсу ауылдарынан аурулар қабылданып, тиісті емдерін алып тұрды. Аурухананың одан кейінгі бас дәрігерлері болып Ж.Қазмағамбетов (1977-89); Махмутов Омаржан Мұхтарұлы және Әмірсанин Тыныштықбек Ақанұлы, Тоқтасынова Ботагөз Тезекбайқызы қызмет атқарды. Кіші медициналық қызметкерлерден Мария Устенова, Тамара Диханбаева, Жанар Сарсенбаева, Сағилда Құмарбекова, жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі Серікжан Исекенов көп жылдан бері осы мекемеде жемісті еңбек етіп келеді.

– Тек ауруханада ғана емес, үйге келген адамдарға да қолұшын беріп көмектесуге тырысамын. Осы жылдар ішінде тіс жұлып та көргенмін. Мұнымен қоса қолдарын кесіп алғандарға тігісін (шов) салып берген кездерім де көп. Бірақ арнайы маман болмағандықтан, міндетті түрде хирургке барып, тексертулерін айтамын. Тігісті дұрыс салған, салмағанын арнайы дәрігерге көрсеткендердің бәрі мені мақтап келеді. Тіпті, «мынаны кім тіккен, сендерде хирург бар ма?» деп таңданысқандары да болыпты. Он жылдан аса уақыт осылай аяқ асты жарақат алып келген адамдарға қолұшын беріп келемін, – деп ағынан жарылған Мария Устенова дәрігердің қасында жүріп 200-ден аса баланы сүндетке отырғызуға көмегінің тигенін, мұндай қосымша жұмыстардың өзі үлкен жауапкершілік жүктейтінін айтады.

Өмір жолында талай жақсы адамдармен қызметтес болған Мария Нұрбайқызы осы арада ерекшелеп, жақсы бір адамның есімін атады. Ол өмірін осы салаға арнап, ауыл медицинасының дамуына сүбелі үлес қосқан, ардақты дәрігер – Үнзила Асылбаева.

– Алғаш ауруханаға келгенімде ақылын айтып, барлық көмегін берген жанның бірі – Үнзила Сахариқызы. Одан көп нәрсені үйрендім десем болады. Үнемі: «Мен барда көңіліңе көп дүниені тоқып, үйреніп ал бәрін. Зейнетке шыққанымда айтып жүресің деуші еді. Оның әр жолы кейінгі бізге үлгі-өнеге болды, – дейді бізбен әңгімесінде мейірімді мейіргер Мария Нұрбайқызы.

Өз сөзінде ақ халатты абзал жан мейіргер деген сөз ұдайы жүрегіне мейірімділік нұрын сеуіп тұратындықтан, мамандығын мақтан тұтатынын да айтты.

Денсаулықтың баға жетпес байлық екені рас. Адам баласы басы ауырып, балтыры сыздағанда, дертіне дауа іздегенде баратыны – медицина қызметкерлері. Дертке дауа, емге шипа бере алатын тек осы ақ халатты абзал жандар ғана. Олардың көмегімен дертімізден айығып, ертеңімізге үмітпен қараймыз. Алдына барған әр науқасқа ерекше мейіріммен қарап, жылы сөзімен көңілін көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттыратын да осы асыл маман иелері.

* * *

Бақытгүл АБЕТОВА: *– Матай ауылдық ауруханасының тұрақты емделушісімін, үшінші топтағы мүгедекпін. Өткен жылдың қарашасында ауруханадағы жабылып қалған тәуліктік стационар қайта ашылып, біз секілді жүре алмай қалғандар үшін өте тиімді болды. Осыны ашуға себепші болған аудандық аурухана директоры Салтанат Мықтыбаеваға ауыл тұрғындарының атынан алғысымды айтамын.*

Тәуліктік стационардың ашылуымен аурухана жұмысы да жанданғанын көріп отырмыз.

Ауруханаға қатты ауырып түсіп едім, дәрігерлердің арқасында жағдайым жақсарды. Осындағы барлық медицина қызметкерлеріне рақмет, еңбектері жемісті болсын.

Нұрбижамал САУРАНОВА: *– Қантым көтеріліп түскен едім. Дәрігерлердің дер кезінде жасаған емінің арқасында жағдайым жақсарып қалды. Қай кез болмасын алдынан зыр жүгіріп шығатын ауылдық ауруханадағы барлық қызметкерге аналық алғысымды білдіремін. Дәрігер – адам жанының арашашысы деген ғой. Халықтың денсаулығын жақсарту жолындағы еңбектеріне табыс тілеймін.*

Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекендегі аурухана тынысымен танысуда ауыл медицинасының да ахуалы жақсарып келетініне көз жеткіздік. Ауылдық ауруханада зертхана, стоматология кабинеттері мен қатар шағын ультрадыбыстық аппарат та бар. Ем алып жатқан емделушілермен тілдесуде олар күн-түн демей шапқылап, жауапкершілігі мол жүкті арқалап жүрген дәрігерлерге деген ерекше ілтипаттарын жеткізді. Ауылдық медицинаның дамуына сүбелі үлес қосып келетін матайлық денсаулық сақшыларының жұмысы жандана берсін дейміз.

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ
Суреттерді түсірген А. НҰРЖАПАР.
ТАЛДЫҚОРҒАН-АҚСУ-МАТАЙ

ЕНПФ

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

ЕНПФ СОВМЕСТНО С ГОСУДАРСТВЕННОЙ КОРПОРАЦИЕЙ ОКАЖУТ ПЕНСИОНЕРАМ УСЛУГУ ПО ВЫПЛАТЕ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ИЗ ФОНДА В ПРОАКТИВНОМ ФОРМАТЕ

В информационной системе ЕНПФ по состоянию на 1 марта 2022 года более 175 тысяч вкладчиков (получателей), достигших пенсионного возраста и имеющих пенсионные накопления, но не обратившихся за их выплатой.

По результатам сверки, проведенной между ЕНПФ и Государственной корпорацией «Правительство для граждан», часть лиц из данной категории вкладчиков (получателей) получают пенсионные выплаты по возрасту за счет бюджетных средств и по ним в базе мобильных граждан зарегистрирован телефонный номер.

В этой связи, по вкладчикам (получателям), достигшим пенсионного возраста, но не обратившимся в Фонд за выплатой пенсионных накоплений, с 27 апреля 2022г. Государственной корпорацией будет начата работа в части назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в проактивном формате путем направления sms-сообщения на телефонный номер вкладчика (получателя), зарегистрированный в базе мобильных граждан.

Для получения пенсионных выплат из ЕНПФ в соответствии с графиком пенсионных выплат из Государственной корпорации по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты на банковские счета вкладчиков (получателей), ранее представленные в Государственную корпорацию при назначении пенсии, вкладчику (получателю) нужно направить ответное сообщение на казахском либо русском языках.

Обращаем внимание, что:

– при получении проактивной услуги обращение и подача документов в ЕНПФ и (или) ЦОН не требуются;

- размер и срок пенсионных выплат из ЕНПФ зависит от остатка пенсионных накоплений на ИПС вкладчика (получателя).

Если сумма пенсионных накоплений на дату оказания проактивной услуги на получение пенсионных выплат из ЕНПФ не превышает 12-кратный размер минимальной пенсии, установленный законом о республиканском бюджете, (в 2022 году 555 624,00 тенге), данная сумма будет выплачена единовременно с учетом удержания индивидуального подоходного налога.

ПОЧЕМУ МОЛОДЁЖИ СТОИТ ЗАДУМАТЬСЯ О ПЕНСИИ УЖЕ СЕГОДНЯ

ПОЭЗИЯ

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

Қазақстан журналистер одағының мүшесі Болат Бисұлтанұлы 80 жаста. Ол осы ғұмырының 42 жылын газет қызметіне арнаған азамат. Қажырлы қаламгердің (суретте) өмірі мен еңбектегі сәтті қадамдары жас толқын қаламгерлерге үлгі-өнеге болуға лайықты дегеніміз жөн.

КҮРЕС

Күресіп келеміз...
Тірлікте күрес аяқталмайды.
Өмірдің өзі күрес,
Ол сені аяп қалмайды.

Жермен күрестік...
Жетіге толғанша жығылып.
Шөңгеге табанды тілдірдік,
Жалаңаяқ жүгіріп.

Аруға сөз салдық,
Күрестің ол да үлкені.
Ақ ордаға көз салдық,
Үлкейтеміз деп күркені.

Тауға да талпындық...
Бағындыру үшін биігін.
Тірлікте аз күндік,
Аулап, құртып киігін.

Күресіп келеміз...
Бітетін емес арпалыс.
Жетпеді көкке төбеміз,
Сыйлады тәңір қанша күш?

Итпен де жұлыстық...
Қазаннан ұшқанда қақпақ.
Жағамызды да жұлғыздық,
Ар,ұятымызды сақтап.

Күрестің қиыны?
Қан тамырдағы Ібіліс.
Қақтың ілімі,
Жеңетін ұлы күш.

Ажалмен күресеміз...
Түрлі екпе салдырып.
Қаліміз құрығанша,
Іздеп жаңға үміт...

Күресеміз,күресеміз...
Мойынсал боламыз бірде.
Жер ана қойынына,
Табысталған күн мүрде.

ҰРШЫҚ

Ұршығымен иірген анам жібін,
Іштей тілеп ұлының амандығын.
Қараша үйдің тірлігі қоңырқалта,
Тым бақытты сезіледі маған бүгін.

Жалғыз бөлме.Жұпыны үйдің іші
Қара пеште маздаған қидың исі.
Таңсәріден оянған жан анамның,
Бір жұмыспен ұштасқан,бір жұмысы.

Қара шалдар жайғасып төр алдына,
Қызу кеңес құратын өз алдына.
Өткен күннің елесі сағыныш боп,
Келеді бүгін дариға-ай,көз алдыма.

Кім бар қазір тыңдайтын құлаққа іліп,
Әңгіме айтсаң отырады сынап күліп.
Айдын көлің барады лайланып,
Су ішкен соң құдықтан бұлақ тұрып.

Салған әні ыңылдап аналардың,
Бағасы артық кимешек,орамалдың.
Қара қазан қайнаған қара пеште,
Рух,жігер сыйлайтын балаға әр күн.

Сағынышпен атуда таңым менің,
Қараша үйде қалғандай жаным менің
Отбасында қалғитын әңгіме есітіп,
Қайта оралмас сол сәби шағым менің...

Шыр айналған дүние-ай,тиірмендей
Жанға салқын бір мұңы білінгендей
Дөңгелетіп барады мынау жалған,
Анам жібін ұршықпен иіргендей.

ҚАҚПАН

Құсбегі қарт, құсын шықса көтеріп
Ат үстіне жайғасып ап өте нық.
Ұста атаң бізге көрік бастырып,
Таға соғып отыратын жөтеліп.

Сол бір кездің естен кетпей елесі,
Сағынышқа жетелейді неге осы?
Ауылда өстім,қазірде сол ауылда,
Жүрсің ғой сен,сағынбашы демеші!

Сағынуға сол бір кезді қақым бар,
Шүкір Алла,қазірде бір атым бар,
"Жип"мінген қызықсамда жастарға,
Демеңдерші жалғыз атты сатыңдар!

Ат бар,бірақ,шыға алмаймыз құс алып,
Жалғыз атта қор болды ғой тұсалып,
Қақпан құрып,түлкі,қарсақ аулаймыз,
"Алтын беріп,жез алғандай"мыс алып...

Бүркітші ата,қазір атамекенде,
Сағынамын,сағынбайын десемде.
Ұста атаң болып кетті бақилық,
Келесі жыл,- деп жүргенде,-көшем бе?

Сол қарттардың киген пұшпақ тымағы,
Төр алдында тек ілулі тұрады...
Құлағы жоқ тымақ киген қазіргі,
Көп қарттардың естімейді құлағы.

Киімдері кеткен мүлде қысқа боп,
Бүркітші жоқ, көтеретін құста жоқ,
Көрік басып бергім келеді,алайда
Таға соғып отыратын ұста жоқ...

Аңға ғана құрсақ еді-ау,қақпанды!?
Үйретті өмір аяқты аңдып басқанды.
Адамдардың бармақ,бақай құлығы,
Қақпан құрып аң аулаудан басталды.

Қақпанға кеп шақты аяғын қыран да,
Көп өнеге алдық біздер мұнан да,
Таңсәріден ояна сап қараймын,
Қанша қақпан бар екен деп бұ маңда?

Алаш КЕҢШІЛІКҰЛЫ,
Моңғолия Журналистер Одағының мүшесі.

ҮН ҚОСУ

ЖАСАМПАЗ ЕЛ БОЛУҒА ҰМТЫЛАЙЫҚ

Ардақты ағайын, қадірлі жетісулықтар, конституциялық реформаларға байланысты референдумда 5 маусым күні сіздермен біздер өз учаскелерімізде дауыс беріп, ел келешегін айқындадық. Осыған орай, күні кеше ғана Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев референдум қорытындысы бойынша Қазақстан халқына үндеуін арнап, телеарналар арқылы көре алдық.

Маңызды тарауларға тоқталып өтсем, Мемлекет басшысы үш жүздің басын қосқан Ұлытауда ұлы құрылтай өткізу туралы бастама көтерді. Ұлттық құрылтай «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын іске асыруда билікпен халықтың ортасына дәнекер болатын маңызды инситут ретінде қалыптаспақ.

Үндеу тек қорытынды жасау ғана емес, елдің алдағы уақытта даму бағытына жол сілтемек. Жоспар ауқымды, ал оны іске асыру үшін жүйелі заң керек. Бұл ретте, конституциялық реформа – бүкіл құқықтық саланы жаңғыртуға, жол ашуға өз септігін тигізеді.

Сонымен қатар, Президентіміз қазақстандықтарға кешегі референдум Ел тарихындағы маңызды белес екендігін атап өтіп, дауыс беруге белсенді қатысу арқылы азаматтар елде шынайы өзгерістерді бастауға дайын және жауапкершілікті сезінетіндігін жеткізді. Расымен, әрбір қазақстандық осындай маңызды саяси науқанда өзінің азаматтық парызын орындауы – ол үлкен жауапкершілік деп есептеймін және осы арқылы біз «Жаңа Қазақстанның» кірпішін қалауда әрқайсымыз белсенділік танытуымыз қажет.

Жалпы, өңірдің барлық деңгейдегі 300-ден аса мәслихат депутаттары үгіт-насихат кезеңдерінде қоғамдық штаб мүшелігінде болып, үлкен қалалардан шалғай ауылдағы тұрғынға дейін Конституциялық реформалардың маңыздылығы, өзгеріс енетін баптармен тараулар жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өз үлестерін қосты. Бұл бағытта белсенділік танытқан облысымыздың халық қалаулыларына шынайы алғысымды білдіремін.

Өткеннен сабақ алып, алдағы уақытта ел игілігі үшін маңызды жоспарларды іске асыру жолында әрқайсымыз белсенділігімізді танытайық, жасапмаз ел болуға ұмтылайық!

Даулет ЖАРАСБАЕВ,
Алматы облыстық мәслихатының хатшысы.

ЖАҢА КОДЕКС

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ ҮШІН ТЫҢ ҚҰЖАТ

Әкімшілік әділет институтын жандандыру, жария-құқықтық дауларды реттеу мәселесі де көпшілік арасында кейінгі жылдары талқыланып, құзырлы орындар назарына ұсынылып жүрген өзекті мәселенің бірі еді.

Осыны ескерген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын алғашқы Жолдауында жария-құқықтық дауларда билік пен қарапайым азаматтар тең болмайтынын, осы олқылықты заңдық тұрғыда реттеу керектігін айтып, тапсырма жүктеген болатын.

Президент тапсырмасынан кейін заң жобасын дайындау бойынша кешенді жұмыстар қолға алынды. Жоғарғы Сот пен Әділет министрлігі бірігіп жасаған жұмыстар барысында жария-құқықтық даулар бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізген елдердің тәжірибелері сарапқа салынып, әкімшілік әділет институтының оң ықпалы зерделенді. Сөйтіп, жаңа кодекс – әкімшілік рәсімдік процестік кодекс дүниеге келіп, өткен жылдың шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Бір жылға жуық қолданылып келе жат-қан жаңа кодекстің көптеген ерекшеліктері мен артықшылықтарының бар екеніне көз жеткізудеміз. Орайы келгенде, солардың біразын қысқаша түрде оқырмандар назарына сала кетсек артық болмас.

Жаңа заң құқықтық жүйе үшін жаңа құжат, мемлекеттік құрылымда, қоғамда бетбұрыс жасайтын тың заңнама. Кодекс жария-құқықтық дау кезінде мемлекеттік құрылымдар мен қарапайым азаматтардың теңдей мүмкіндікке ие болуын қамтамасыз етумен қатар, мемлекеттік басқару аясындағы заңнаманың осы уақытқа дейін бір жүйеге түспеген олқылықтарды шешуге бағытталған.

Кодекс – мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейтінін, сондай-ақ, әкімшілік рәсімдердің негізгі міндеттері-жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

Заңдар кодексі екі бөлімнен тұрады – процедуралық және процессуалдық. Біріншісі апелляция алған кезде барлық процедуралардың қалай орындалғанын және оған жауаптарды қадағалайды.

ӘРПК-нің екінші бөлімі дауларды сотта қарауға арналған. Тағы бір жаңалық – бұл бас тарту институты. Азамат әкімшілік органнан лауазымды тұлғадан бас тартуға, өкілі болуға, сондай-ақ, істің барлық материалдарымен танысуға құқылы.

Жаңа кодексте мемлекеттік органның кінәсінің презумпциясы сияқты тұжырымдама бар. Ал судья бұл жолы белсенді рөлде болады. Оның басты міндеті – азаматқа көмектесу. Прокурорлар тек төрт іске қатысатын болады: салық, кеден, экология, бюджет. Мемлекеттік орган мен өтініш беруші жалғыз қалады. Мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі едәуір артады.

Сонымен қатар, азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігі де артады. Анонимді шағымдар қарастырылмайды. Мемлекеттік органдарға келіп түскен барлық өтініштерде ЖСН көрсетілуі керек.

Бақыт ТУРАНОВА,
Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ВСТРЕЧА

РАССКАЗАЛИ, КАК РАБОТАЕТ СУД МФЦА И МАЦ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ОБЛАСТНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В ТАЛДЫКОРГАНЕ НА ВСТРЕЧЕ БИЗНЕС-СООБЩЕСТВА С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ СУДЕЙСКОГО КОРПУСА ОЗНАКОМИЛИ С УСЛОВИЯМИ РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛ В СУДЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ФИНАНСОВОГО ЦЕНТРА «АСТАНА» (МФЦА) И МЕЖДУНАРОДНОМ АРБИТРАЖНОМ ЦЕНТРЕ (МАЦ).

Судебная система основана на нормах и принципах английского общего права. На сегодня Судом МФЦА и МАЦ внесено 1091 решений, 381 юрист имеет право предоставлять интересы стороны в МФЦА.

«*Суд начал работу в январе 2018 года. Ошибочно считается, что МФЦА – это английский суд, но это полностью казахстанский суд, куда входят английские судьи. Мы не рассматриваем административные и уголовные дела, в поле зрения рассмотрения все виды коммерческих споров, имеющих отношения к инвестициям»*, – рассказал руководитель аппарата Суда МФЦА и МАЦ Кристофер Кэмпбелл.

Рассматриваемые споры затрагивают коммерческую и инвестиционную сферы, включая финансы, строительство, контракты купли-продаж и сферы услуг, а также трудовые споры. Суд МФЦА и МАЦ продолжили тесное сотрудничество с Верховным судом Казахстана в качестве независимых институтов, принимающих окончательное решение, которые не могут быть оспорены местными судами. Решение Апелляционного суда МФЦА является окончательным и не подлежат обжалованию.

В своем выступлении директор Палаты предпринимателей Алматинской Даурен Оналбаев отметил, что «Атамекеном» принимаются меры по развитию механизмов досудебного и внесудебного урегулирования споров. В целях досудебного урегулирования проблем бизнеса ряд вопросов рассматриваются и находят свое решение на площадке Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции. Глава областной палаты подчеркнул, что необходимо усилить совместную работу Палаты предпринимателей и Алматинского областного суда.

На необходимость участия бизнес-сообщества в реформировании судебной системы обратила председатель Регионального совета Палаты предпринимателей Алматинской области, депутат Алматинского областного маслихата Римма Салыкова. По ее словам, 19 мая на встрече Главы государства с отечественными предпринимателями были обозначены ряд конкретных шагов для решения проблем предпринимательства.

«Президент выслушал всех присутствующих предпринимателей на встрече и дал ряд поручений как председателю Верховного суда, так и Генеральному прокурору страны. Одним из поручений было Верховному Суду совместно с «Атамекеном» на полугодовой основе проводить обзор уголовных дел в отношении предпринимателей, наладить их систематизацию, анализ и выработку рекомендаций по защите прав предпринимателей. Также президент поручал внести предложения по кардинальному реформированию судебной системы и повышению доверия к ней. Поэтому, считаю, что в этой работе должны активно принять участие предприниматели регионов. Мы готовы озвучить и предоставить свои мнения по дальнейшему реформированию судебной системы» – заявила Римма Салыкова.

Также в ходе встречи выступили председатель Специализированного межрайонного экономического суда Алматинской области Берик Кожахметов, директор представительства РОО «Международного центра медиации» по Алматинской области Шынар Бектасова, а также предприниматели и судьи.

Ш. ХАМИТОВ.

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ

ДЛЯ УЛУЧШЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУДОВ

После обретения страной независимости в казахстанской судебной системе произошли существенные изменения. Одним из ключевых направлений реформ является обеспечение верховенства права и модернизацию этой сферы. За последние годы принято множество государственных программ и законодательных новшеств в целях улучшения деятельности судов. Судебная система Республики Казахстан за последнее время претерпела немало изменений. Одна из пяти реформ Плана нации 100 конкретных шагов направлена на модернизацию судебной системы, которая должна стать надежной гарантией стабильности в обществе, верховенства закона, неуклонного соблюдения прав и интересов граждан.

Если вкратце остановиться о ряда принятых мерах по совершенствованию судебной системы в нашей республике, то комплекс мер, направленных на коренное изменение всей национальной правовой системы был заложен в Государственной программе правовой реформы утвержденной в 1994 году. Предполагалась реорганизация судоустройства и судопроизводства, совершенствование материального и процессуального законодательства.

Важной вехой стал Указ Президента от 1 сентября 2000 года «О мерах по усилению независимости судебной системы», которым функции по обеспечению деятельности судов были переданы из ведения Министерства юстиции Верховному Суду. Логическим завершением преобразований этого периода стало принятие в декабре 2000 года Конституционного закона «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан», заложившего принципиально новые нормы, определяющие основные элементы судоустройства и порядок работы судов республики.

В соответствии с приоритетами, определенными государством в правовой сфере, принят ряд мер по дальнейшей модернизации судебной системы, направленной на упрощение судопроизводства, разграничение вопросов правосудия и судебного администрирования. Новые социальные отношения, порожденные условиями рыночной экономики, обусловили развитие специализированных судов. Так, с 2002 года начали работу специализированные межрайонные экономические и административные суды. В 2007 году в городах Астана и Алматы образованы специализированные межрайонные суды по делам несовершеннолетних, а с 2012 года они созданы во всех регионах республики. Важным событием в процессе совершенствования судебной системы стало введение с 1 января 2007 года института присяжных заседателей, что в значительной степени расширило возможности участия общественности в отправлении правосудия.

После своего назначения Председателем Верховного Суда Республики Казахстан Ж. Асанов сразу же предложил меры, направленные на решение насущных задач судебной системы нашей страны и названные семью камнями правосудия.

В качестве первой задачи председатель Верховного суда определил справедливость правосудия. Было признано, что люди видят совершенно разные судебные решения по схожим делам, что, конечно, не может не вызывать у граждан вопросов, а порой и ощущения несправедливости, творящейся в судах. В целях обеспечения справедливого правосудия предложено более активно задействовать принцип равноправия сторон уголовного процесса и их состязательности.

Вторая задача правосудия – обеспечение независимости и повышение ответственности судей. Достижение эффективности правосудия названо третьей задачей. Каждый гражданин имеет право вынести спор на рассмотрение в суд. При этом судебное производство долгий и дорогой процесс. Уменьшение количества исков привело бы к улучшению качества правосудия, подчеркнул председатель Верховного суда. Эта задача решается сегодня судебными органами путем расширения примирительных процедур и медиативных соглашений между сторонами. При этом существенно возрастает роль адвокатуры. Четвертая задача – внедрение административной юстиции. Предлагается расширить сферу деятельности административных судов. В частности, отдать им споры между государственными органами и гражданами. Тем более что мировая практика свидетельствует об эффективности таких судов. Их у нас нет, а в других постсоветских странах они действуют. Пятая задача – создание института следственных судей. Шестой задачей назван качественный отбор кандидатов в судьи. Седьмая задача курс на цифровизацию. Ж.Асанов особо отметил, что внедрение современных информационных технологий будет способствовать укреплению эффективности судебной системы и повысит доверие к ней со стороны общества.

Обозначены следующие направления работы. Первое – обеспечение беспрепятственного и удобного доступа граждан к правосудию через IT-сервисы. Второе – автоматизация судопроизводства, что сделает его экономным. Третье – работа с большими данными и использование мирового судебного опыта.

Нури ОМАРБЕКОВ,
судья СМЭС Алматинской области.

МЕДИАЦИЯ

ВЫГОДНАЯ СДЕЛКА ДЛЯ СТОРОН

В целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан «О медиации». Медиация (от англ. mediation - посредничество) по своей сути означает содействие третьей незаинтересованной стороны двум или более другим в поисках соглашения в спорной или конфликтной ситуации, основными принципами которой является добровольность, равноправие сторон медиации, независимость и беспристрастность медиатора, недопустимость вмешательства в процедуру медиации и конфиденциальность.

Но об этом многие граждане не знают и при возникновении каких либо споров не применяет такой метод разрешения спора. Поэтому большинство лиц, считающих, что их права кем-то нарушены, обращаются за защитой в правоохранительные органы и суды. Но немало и таких, которые пытаются урегулировать конфликт иными способами: совершают самоуправство, привлекают третьих лиц для устрашения и запугивания должников, применяют физическое и психическое насилие и т.п. Такие методы защиты своих действительных или предполагаемых прав нередко граничат с нарушениями закона, и как следствие - влекут установленную законодательством ответственность.

Иногда инициатива урегулировать конфликтную ситуацию (спор) исходит от лиц, которые избрали для себя способ зарабатывать на этом деньги. Нередко они, а также и лица, приглашенные конфликтующими сторонами для урегулирования спора, не имеют соответствующего образования и необходимых знаний, их деятельность никому не подконтрольна, они не несут никакой ответственности перед сторонами конфликта даже в том случае, когда своими действиями навредят им. Отсюда выходить, что разрещение спора путем медиативного соглашения приносить пользу конфликтующим сторанам, к тому же спор можно разрешить не затягивая в короткие сроки. Одним словом медиация это выгодная сделка для сторон.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

ДОЛЖНОСТЬ

МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНАЯ РАБОТА

СЕКРЕТАРЬ СУДЕБНОГО ЗАСЕДАНИЯ ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНЫМ ЗВЕНОМ В СУДЕБНОЙ СИСТЕМЕ. ЕГО РОЛЬ КРАЙНЕ ЗНАЧИМА ДЛЯ ИСПОЛНЕНИЯ СУДОМ ОТПРАВЛЕНИЯ ПРАВОСУДИЯ. НЕДАРОМ ГОВОРЯТ, ЧТО ОТ РАБОТЫ СОТРУДНИКОВ АППАРАТА СУДА ЗАВИСИТ ОЧЕНЬ МНОГОЕ, НАЧИНАЯ ОТ ОПЕРАТИВНОСТИ И ЗАКАНЧИВАЯ КАЧЕСТВОМ ВЫПОЛНЕНИЯ ЗАДАЧ, СТОЯЩИХ ПЕРЕД СУДОМ.

Можно с уверенностью сказать, что работа секретаря судебного заседания очень ответственна, многофункциональна и в то же время интересна. На должность секретаря судебного заседания могут поступать лица с высшим юридическим образованием. При этом соискатель должен отлично знать законодательство Республики Казахстан, нормативно-правововую базу, порядок обработки информации, правила делопроизводства, а также уметь применять данные знания на практике. Будущий секретарь судебного заседания должен придерживаться норм этики государственного служащего.

Граждане обращаются в суды для решения споров и конфликтов, защиты своих ущемленных прав и свобод, а также другим причинам, не предполагающим радужного общения. Это обстоятельство может сказываться на их общении с сотрудниками суда, где могут проявляться нетерпеливость и даже недоверие. Секретарю в таких ситуациях необходимо, действуя в рамках закона и своих служебных полномочий, быть максимально корректным и недопускать конфликтных ситуаций.

Стоит отметить, что в судебном процессе секретарь занимает особое положение, не только обеспечивает фиксацию в протоколе всех действий и пояснений участников процесса, он также несет ответственность за надлежащую организацию судебного заседания, своевременный вызов участников процесса, грамотное составление судебных документов и вручение копий судебных актов в сроки согласно законодательства. Также секретарь оформляет дела, направляет извещения сторонам и исполнительные документы в исполнительные органы. Кроме того выполняет другие действия согласно инструкции по делопроизводству в судах.

Так как сегодня в судебной системе происходят масштабные реформы и расширяется сфера применения новых технологий, секретари судебного заседания должны обладать достаточными навыками работы с офисной техникой. В обязанности секретаря судебного заседания входит: работа с электронными базами данных, в частности с АИАС «Төрелік», «Әділет», подготовка дела к слушанию, обеспечение необходимых мер для вызова в суд лиц, участвующих в деле, путем направления SMS-уведомлений и извещений. Непосредственно в день слушания дела секретарь судебного заседания проверяет явку вызванных участников процесса, исправность аудио-видео аппаратуры в зале заседания, так как судебные дела рассматриваются с применением аудио-видео фиксации, в процессе наблюдает за надлежащей работой фиксирующего оборудования, а по окончании обеспечивает запись файла на носителе и его сохранности до сдачи дела в архив.

Жанар МУХАТАЕВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕРКІН КҮРЕС

ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ЖАСТАР» СПОРТ САРАЙЫНДА ЕРКІН КҮРЕСТЕН ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ.

Жарысқа аудан және қалалардан 5 команда қатысып, 40-қа жуық спортшы атсалысты. Жарыс нәтижесінде 57 келідегі салмақта алаңға шыққан Мұхтар Ерасыл 1 орынды иеленсе, 2 орынға Ерғазы Баратқазы лайық деп табылды. Ал 3 орынды Республикалық спорт колледжінен келген Али Максетов қанағат тұтты. 61 келі арасында Дастанбек Өсімжан 1 орынға, Ескелді ауданының спортшысы Алинұр Амантай 2 орынға, Жандос Исмайлов 3 орынға ие болды. 65 келі салмақтағы спортшылар арасынан 1 орынға талдықорғандық Шаттық Алайдар, 2 орынға қарасайлық Дәулет Ерімбетов, 3 орынға Жұман Кәшімбай лайық деп табылды. 70 келідегі спортшылар ішінен 1 орынды Еркебұлан Тәңірберген жеңіп алса, 2 орынды Кербұлақ ауданынан келген Дидар Нұрахмет, 3 орынды Ақсулық Нұрхат Тұсығазы иеленді. Ал, 74 келіде бақ сынағандар арасынан 1 орынға Ербарыс Сатыбалды суырылып шықса, 2 орынды Айдын Ақбай жеңіп алды. 86 келідегі спортшылар арасынан қарасайлық Диас Оразқұл 1 орынды иеленсе, 2 орынға Ескелді ауданының спортшысы Думан Әбілғазы жайғасты. 97 келі салмақта талдықорғандық спортшы Дидар Мұхаметқали 1 орын жеңімпазы атанды. Жарстан озып шыққан жеңімпаздарға медаль мен грамоталар табыс етілді.

КАРАТЭ

ИСПАНИЯДАҒЫ ЖЕҢІС

Испанияда Киокушинкай каратэ IFK-ден 6-шы әлем чепионаты өтті. Қазақстан атынан 85 спортшы ел намысын қорғаса, Алматы облысынан бас жаттықтырушы Зайна Махмудқызының жетекшілігімен жарысқа 5 спортшы қатысты.

Жалпы 40 елден 500-ге жуық каратэші қатысқан додаға жерлестеріміз Республикалық Федерация қолдауымен барған. Намысты қолдан бермей қоржынға 17 алтын, 17 күміс, 14 қола медаль салған татами шеберлері осы жолы ерекше жеңіспен оралмақ. Соның ішінде Алматы облысынан барып сынға түскен талдықорғандық Еркебұлан Бейсембаев бірінші тартыста Маврикиа елінің спортшысымен күш сынасса, екінші тартыста Испаниядан келген спортшыны жеңіп, үшінші кезекте болгариялық спортшыдан басым түскен. Ал ақтық сында Еуропа чемпионы Нидерланды өкілімен бақталасып екінші орынның лайықты жүлдегері атанды.

Сонымен қатар ел намысын қорғаған талдықорғандық Сания Калиахметова алғашқы жекпе-жегін Испания спортшысы Сара Грациямен бастады. Ал, екінші тартысын Нидерланды спортшысымен кездесіп, өз күшінің басым екенін көрсетті. Ақтық сында Болгария өкілімен тартысып, құрметті 2 орын иегері атанды.

Сондай-ақ, чемпионатта бой көрсеткен спортшыларымыздың ішінен Алина Осипенко мен Дарья Плужникова 1 орынды иеленсе, Камила Маусынбаева 2 орынды жеңіп алды.

ТОЛАҒАЙ

Жаркент төрінде алғаш рет «Толағай» алыптар сайысы өтті. Еліміздің салт-дәстүрін насихаттап, этно-ойындарын дәріптеу мақсатында өткен додаға отыз толағай қатысты.

АЛЫПТАР САЙЫСЫ

Толағайға қатысушылар спорттың 5 түрінен бақтарын сынады. Бірінші сайыста ойын талабы бойынша 10 келіден асатын найзаны алысқа лақтырудан болса, екінші додада батырлар 141 келі тартатын ауыр тасты қашықтыққа жүріп өту керек болды. Ал, үшінші сайыстың ережесі бойынша алыптар жуан әрі ұзын темірді майыстырудан сынға түсті. Келесі кезекте салмағы 100 келі тартатын бөренені көтеріп отырып-тұрудан бақ сынасты. Бесінші әрі соңғы сайыс шын мықтыны анықтау үшін, 500 келі жүк тиелген арбаны ұзақтыққа сүйреуден өтті.

Алыптар сайысының нәтижесі бойынша толағайдың бас жүлдегері атанған жаркенттік Дәурен Кауменов жеңімпаз белбеуі мен 500 мың теңге ақшалай сыйақыға ие болды. Екінші орынға қаламыздың намысын қорғауға барған жерлесіміз Ибрагим Берсанов жайғасса, үшінші орынды Райымбек ауданынан Қастер Сарқытбек иеленді.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

10 ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы – Абу-Дабиде джиу-джитсудан әлем чемпионаты аяқталды. Бұл жарыста 70 мемлекеттен келген 550-ден астам спортшы күш сынасты.

Жекпе-жектің қай түріне де бейім қазақтар бұл жолы да тамаша өнер көрсетті. Жерлестеріміздің арасынан Әли Серік (51 кило) пен Александр Цариков (81 кило, U-23) қарсы келгендердің барлығын қоғадай жапырып, бас жүлдені олжалады. Алексей Магдеев (45 кило), Шәміл Ермағамбетов (54 кило), Ернат Смағұлов (60 кило), Жәнібек Қанатбаев (67 кило), Руслан Заякин (71 кило), Евгений Зимин (86 кило), Алена Ожередова (71 кило, U-23) финалға дейін алқынбай жеткенімен, шешуші тұста ұтылып, күміс медальды мойындарына ілді. Жартылай финалда сүрінген Дарья Шубникова (71 кило) қола жүлдені еншіледі.

Нәтижесінде, 2 алтын, 7 күміс және 1 қола медальды қоржынға салған Қазақстан құра¬масы жалпы есепте үздіктер қатарына қо¬сылды. Ал көш басында Таиланд (ерлер) пен Швецияның (әйелдер) спортшылары.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ІРІКТЕУ

Индонезия елінде әйелдер арасынан көгалдағы хоккей құрлық бәсекесіне іріктеу кезеңі басталды. Жарыс жеті елдің арасында жазғы Азия ойындарына іріктеу үшін өтуде.

Жолдамаға таласқан мемлекеттер арасында Қазақстанда тыс қалмады. Жарысқа Қазақстан Ұлттық құрама әйелдер командасынан 18 спортшы ат салысуда. Енді қыздарымызға Қытай, Сингапур, Өзбекстан, Камбоджа, Шри-Ланка және Индонезия елдерінің спортшы қыздарымен сынға түсіп, Азия ойындарына іріктеуден сәтті өту керек.

Бірінші іріктеу еліміз үшін сәтті басталды десек болады. Себебі, Нұржан Бейбітов баптаған команда алғашқы бәсекені жеңіспен аяқтады. Хоккейшілер Индонезия спортшыларын қапыда қалдырып, өз күштерінің басымдылығын дәлелдеді. Ал, келесі ойын Өзбекстан спортшыларымен болады деп күтілуде. Алдағы ойындарда қыздарға сәттілік тілеп, жеңіспен оралады деп сенейік.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ІЛИЯС ІЗБАСАРЛАРЫ

Жас едің ғой жырлар жазған белесіңе, тауыңа,
Гималайың, Кавказың тұр бір өзіңді сағына.
Сенің шексіз далаң жатыр топырағыңды жамыла,
Шалқып өзен арнасынан Ақсу жатыр ағыла.

Дана ТҰРСЫН

ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТКЕН АҚЫН

Қазақтың маңдайына біткен ақын
Кіндік қаны тамған жері, Жетісудың баласы,
Арқыраған Ақсуының мауқжырап тұр жағасы.
Іляис ақын туып өскен, бір аунаған ауылы,
Кең алқапта терін төгіп, жусан терген даласы.

Жерұйыққой осы бір жер жоңғарының таулары,
Жетісуы, Шатыртасы жайлауының аңғары.
Осы жерге Алатауың, Хантәңірін орнату,
Қазағымның маңдайына біткен ақын арманы.

Отаным деп, халқым деген ол бір ақын айбатты,
Елі үшін, жері үшін сансыз жолды жайратты.
Үнін қосып, сырын қосып өлең жазған жүректен,
Біздің тума Жансүгіров Ілиясымыз қайратты.

Күйін шертсе Матайдағы Молықбай шал сатырлап,
Шауып келет Құлегері озат шығып, жақындап.
Күйші отыр күмбірлетіп, тартып келіп домбыра,
Сол жырлары ақын жанның жан дүниесін жандыра.

Тау баласы, шың баласы ақиығы аспанның,
Осы жырды сеніменен сеніменен бастадым.
Құз тауының құламалы шыңдарынан жаралған,
Тек өзіңе байланысты дәптеріңді ашпадым.

КИЕЛІ ТОПЫРАҚТАН ЖАРАЛҒАН ЖАН

Киелі топырақтан жаралған жан
Киелі топырақтан жаралған жан,
Қырандай биіктерде самғаған жан.
Ағынды Ақсу суын жырлап өсіп,
Нәр алған, сусындап ол бала жастан.

Жыр дүлдүлі Ілияс ата бабамыз,
Өлең-жырын мәңгі жаттап аламыз.
Бір бойына бар өнерді жинаған,
Сегіз қырлы, бір сырлы біздің атамыз.

Білікті әдебиет сыншысы еді,
Халықтың жалындаған ақыны еді.
Сөз зергері, айшықты, терең ойлы,
Дара-сипат ерекше жазушы еді.

Ілияс ата өзіңменен мақтанам,
Өлеңдерің жүректе мәңгі сақталған.
Шоқ жұлдызсың мәңгілік сөнбейтін,
Ел үмітін, жер үмітін ақтаған.

Құлагерсің ескен желмен жарысқан,
Гималайсың ақша бұлтпен табысқан.
Жырларыңмен сусындаған бар халық,
Шыншыл жансың, әділдікке қаныққан.

Өтер айлар, өтер жылдар, ғасырлар,
Ұмытылмас өзіңіз сынды асылдар.
Ойы ұшқын, сөз қадірін түсінер,
Ұрпағыңыз өнеріңізге бас ұрар.

Асыл сөздің, жауһар ойдың тұнығы,
Бар ұрпаққа үлгі болған ғұмыры.
Болашағын, елдің қамын ойлаған,
Ұмытпаймыз, Ілияс ақын Ұлыны!

Дания БЕКБОЛАТ

БАЛА ТІЛЕГІ

ЖАСТАРДЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

БАЛАЛАР – БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ. ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢГІ ДӘУІРІ КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА. МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ДАМУЫ, ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ ТІКЕЛЕЙ ЖАСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛҒАНДЫҚТАН ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 2022 ЖЫЛДЫ «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ » ДЕП КӨПШІЛІККЕ ЖАРИЯЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР БИЫЛ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУҒА, МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАН КЕЛГЕНІН ЖАСАУҒА, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ НЫҒАЙТУҒА АСА КӨҢІЛ АУДАРЫЛА ТҮСТІ.

«Балалар жылы аясында іске қосылған қандай шаралар бар? Бұл шаралардың қандай пайдасы бар? Қазақ халқы жетімін жылатпаған текті ел. Ата-анасыз қалған балаларға көңіл аударыла ма?» деген сынды көкейкесті сұрақтар ойымыздан алыстар емес. Бекітілген заңнама бойынша «Балалар Жылын» жариялап, жастарды қорғап-қолдау мақсатында нақты шаралар іске қосылу қажет екендігін мәлімдеп, тапсырмалар санын арттыра түсті. Президентіміздің үндеуінде: «Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімділігі даму мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» – деп алғы мақсатты нақтылап бергені аян.

Міне, содан бері ел белсенділері «Балалар жылына» алып-қосарларын жеткізіп, өскелең ұрпаққа арналған бірнеше жобаларды көпшілікке ізгі ниетпен ұсынды. Соның бірі 7 бөлім, 50 тармақтан құралған жоба. Атап өтетін болсам, «Білімді бала», «Отбасы – қауіпсіз мекен», «Дені сау бала», «Жетімсіз Ел», «Жайлы мекен», «BALA QORGAY», « BALA_TIME.KZ» сынды жобалар жарық көрді. Әр жобаның өзіндік бағыты, мақсаты бөлек. Осы жобаларды көре отырып, балалардың жалпы, еліміздің болашағы екендігі тағы да айқындала түседі. Бұл жобаларды іске асыру арқылы баланың білімі, ой-санасы жоғарылайды. Тіпті, биылғы жылы оқу орындарында грант санының артуының өзі, жастардың білімге деген құлшынысын арттыра түскені мәлім. Сонымен қатар патриоттық тәрбие мен беру ісін жақсарту да келелі мәселеге айналып отыр. Осыған орай Елім, жерім деп, ұрандайтын жастар қауымы неғұрлым көбейіп келе жатқаны жүрекке жылылық ұялатады.

Қорыта айтатын болсақ, биылғы балалар жылына орай алға қойылған көптеген жоспарлар жүзеге асырылып, ауыз толтырып айтарлықтай олжалы жылға айналып отыр деуге толық негіз бар. Балалар жылының мүмкіндіктерін пайдаланып қолымыздан келгенін аянбай, ұлылықты жалғастыра түскеніміз абзал. Үлгі тұтар ұлағатты тұлғалар мен аға-әпкелеріміз бізге, жастарға үлкен сенім артуда. М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңі құлақтан кіріп, жүректі тебірентіп, рухжігерді арттырып, бойымызға күш-қуат берер жылулықты ұялатады. Артқан сенімді абыроймен ақтау біздің, яғни, жастардың басты міндеті деп білемін.

Дильназ КӘРІБАЙ,
Жиделі орта мектебінің түлегі.
БАЛҚАШ АУДАНЫ

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТ

Суретке үңілмей, бір қарағанда бірден көзіңізге не түскенін байқаңыз. Өзіңіз көрген суретке сәйкес сипаттама сізге сай келеді ме оқып көріңіз.

СУРЕТТЕН НЕ КӨРДІҢІЗ?

Қасқырдың – ішкі жан дүниесі әрдайым жалғыздықта, сенімі, күші көп, бірақ оны тек үйірімен жүргенде көрсете алады. Кейде өзі ғана үстемдік ететін қой отарында тісін ақситады. Тәуелсіздік пен көпшілікті аңсау сияқты екі қасиет қасқырдың өмірін анықтайды.

Жылқы – сіз өршіл адамсыз, қандай қиындық болса да барлығын басып өтіп, мақсатыңызға жетуге дайынсыз. Ол еңбексүйгіштік емес, өзіңізге деген сенімнің мықтылығы, әрекетіңіз бен таңдауыңызда еркіндік бар екенінің көрсеткіші. Сізді тағы адам деуге болады, себебі бетке алған бағытыңыздан қайтпайсыз.

Көбелек – өзінің сұлулығымен барлығын елітіп жүріп бір ортадан екінші ортаға тез ауысады. Ол үшін бұл оп-оңай. Бірақ бұл қылығын барлық қоғам қабылдай бермейді. Ондай кезде көбелек мүлдем басқа боп шығу үшін жібек құртына оранып, қайта шығады.

Шаян – сіз айналаңыздағылардан сақтанып жүресіз, қорыққандықтан емес, керісінше, өзіңіз оларды ренжітіп алғыңыз келмейді, сондықтан арамызда бір тосқауыл болғаны дұрыс деп ойлайсыз. Мықты қалқанның ар жағында нәзік жаратылыс жатқанын көбісі біле бермейді.

Дәуіт – кенеттен ырғу үшін оңтайлы сәтті бірнеше сағат бойы күтіп тұра алады. Ішкі өзегіңіз, өзіңізге деген сеніміңіз күшті, сіздің ішкі әлеміңізді ешкім өзгерте алмайды. Шақпақ тастай адамсыз.

Сұңқар – шетсіз аспанның патшасы, олар үшін тосқауыл жоқ. Сіздің алдыңызда бүкіл әлем ашық, ұсақ-түйекке көңіл бөлмейсіз. Оның орнына нақты мақсаттар қойып, соған жету үшін талпынасыз.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

ҚОСЫЛА КҮЛСЕК ҚАЙТЕДІ?

Қазақтың танымал ақыны, марқұм Әбен Дәуренбектің жаратылысы қызық жан еді. Тұла бойы күлкі шақырып тұратын. «Әбекеңнің айтқандары» деген әжуа-мысқыл, бірқақпайлар ел арасына кеңінен тарады.

«Өзім ұрсамда...»

Ақын ағамыз Әбенге вокзалдың алдында бір бұзақы тисе беріпті. Ызаға булығып тұрғанында өзі спортшы, өзі ақын інісі Жұматай келе қалмасы бар ма.

–Ей, бауырым – ей, мынау маған тиісіп тұр... – дегенгой. Сөзге келмеген Жукең бұзақыны бір періп, қарсыдағы қоқырдың ішіне кіргізіп жіберсе керек. Былай шыға Әбекең:

– Жұматай -ей, ананы өзім ұрсамда құлатқандай екенмін... депті.

«Сәбіз ексем... асқабақ шығады»

Бір жылдары саяжай салу үшін журналистерге жер берілді. Қуана қимылдап, алдымен жеміс отырғыза бастадық. Жаз ортасында Әбекең келіп:

–Мұндайда қызық болады екен. Картоптың орнына сарымсақ қызанақтың орнына қияр, сәбіздің орына асқабақ өсіп тұр... – деп таңданады.

«Бұл қалай?...» деп барсақ, ақын ағамыз себілген тұқымның аты жазылған тақтайшаларын ауыстырып алыпты.

«Жұмыста көреді, үйде көрмейді»

Көзім жұмыста көреді, үйде көрмейді, – дейді Әбен ағамыз дәрігерге шағым жасап.

– Көзіңіз орнында, –дейді емдеуші қайта-қайта қарап.

– Көзілдірігіңізді тексертіңіз?...

– Бекер медик боласың ба, «диагнозың» дұрыс, – депті екі күннен кейін оралған ол дәрігерге.

– Жұмыстағы көзілдірігімде әйнек бар, үйдегісінде жоқ екен.

Тұрлыхан КӘРІМ

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 591
Индекс 15534